



БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

ӘЛЕУМЕТТІҢ ӘЛ-АУҚАТЫ АРТПАҚ



Елімізде жастарға, әлеуметтік атаулы көмекке мұқтаж адамдар мен мүгедек жандарға, зейнет жасындағы азаматтарға тұрмысын жақсарту барысында кәсіпкерлікті дамыту бағдарламасы жүзеге асырылған еді. Бұл бағдарлама біраз адамның күнкөріс жағдайын жақсартты десек артық айтқандығымыз болмас.

2021 жылы қазанда ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың мемлекеттік бағдарламаларды ұлттық жобаларға трансформациялау жөніндегі тапсырмасын орындау мақсатында түрлі бағытта жобалар кешені әзірленді.

(Соңы 3-бетте)

БАСҚОСУ

МИНИСТР КӘСІПКЕРЛЕРМЕН КЕЗДЕСТІ

ҚР Әділет министрі Қанат Мусин Алматы қаласының кәсіпкерлерімен кездесті. Онда қаңтар оқиғасы кезінде кәсіпкерлік субъектілеріне келтірілген залал, кәсіпкерлерді қолдаудың заңнамалық шаралары талқыланды.

Негізі бұл кадамды қуана құптауға болады. Себебі, бейбіт шеруден басталып, террористік әрекетпен ұштасқан қаңтар оқиғасының қалай аяқталғаны баршаға мәлім. Әсіресе, кәсіпкерлерге келтірілген материалдық залал қомақты. Рас, мемлекет тарапынан қолдау көрсетіліп, шығын өтелуде. Ал моральдық шығын ше? Жылдар бойы төгілген маңдай тердің өтеуін кімнен сұраймыз?

– Жыл басында орын алған жантүршігерлік оқиғалар талай адамның өмірін киып, кәсіпкерлерге, жалпы қала экономикасына орасан зор шығын келтірді. Қазір қала басшылығы қаланы қалпына келтіру және кәсіпкерлер шығынын өтеу бағытында ауқымды жұмыс атқаруда. Осы мәселені жан-жақты және мазмұнды талқылау мақсатында жиынға министрліктің Сот сараптамасы орталығы мен Алматыдағы Сот сараптамасы институтының

өкілдері қатысып отыр, – деді Әділет министрі Қанат Мусин кездесудегі алғашқы сөзінде.

Қаңтар оқиғасынан бері үш айға жуық уақыт өтті. Тиісті мекемелер осы уақытта төл міндетін атқарып, кәсіпкерлерге келтірілген залалдарды анықтау бойынша құрылыс, шаруашылық, сауда саласына 128 сараптама тағайындаған. Сараптаманың 49-ы аяқталыпты. Сөз реті келгенде айта кетсек, сараптама жасауға 12 жергілікті сарапшы және орталықтың аумақтық бөлімшелерінен 22 адам тартылған екен.

Кездесу барысында қаңтар оқиғасында зардап шеккен бизнес өкілдері министрге сот-тауарлық, құрылыс, экономикалық, өрт-техникалық, құрылыс-техникалық сараптамалардың жүргізілу мерзімі мен ережесі бойынша өздерін толғандырған сұрақтарды қойды. Бірқатар ақиқатты ашқан

мәселелерді мұқият тыңдаған Әділет министрі өз құзыретінің аясына кіретін сауалдарға толық жауап берді.

Сонымен қатар, кәсіпкерлер көкейіндегі мәселелерін тыңдаған министр 2021 жылдан бастап жылжымайтын мүлікке құқықтарды мемлекеттік тіркеу мерзімін бұзғаны үшін әкімшілік жауапкершілік алынып тасталатынын айтты. Осы аралықта электрондық техникалық төлқұжат және сәйкестендіру, техникалық ақпараттағы сәйкессіздіктерді анықтау бойынша қорытынды беру іске қосылған. 2021 жылдың қаңтарынан бастап 9 мыңға жуық электрондық төлқұжат берілді. Blockchain технологиясын пайдалана отырып, банк кепілдік шарттарын тіркеу қызметі автоматтандырылды. 2021 жылдың 1 маусымынан бастап 1500-ге жуық кепіл шарты тіркелді. 2 сағат ішінде нотариаттық емес мәмілелерге құқықтарды электрондық тіркеу, сондай-ақ, нотариаттық мәмілелер негізінде жеделдетілген электрондық тіркеу сәтті жүзеге асырылған.

(Соңы 2-бетте)



ТҰТЫНУШЫ ҚҰҚЫҒЫ
САУАТСЫЗДЫҚТЫ
АЗАЙТАДЫ

3-бет



ҚАЗЫ –
ХАЛЫҚТЫҢ ОЖДАНЫ

4-бет



ШЕТЕЛДІКТЕР
ЕЛ ЗАҢНАМАСЫН
САҚТАУҒА МІНДЕТТІ

5-бет



ЖАҒАҢДЫҚ КЕЗЕҢ
ЖАҢАЛЫҒЫ – САНДЫҚ
ТЕХНОЛОГИЯДА

8-бет

СҰХБАТ

Ермек СЕЙІТБАТТАЛОВ,
әскери сарапшы,
отставкадағы полковник:

«МЫҚТЫ
ҚОЛБАСШЫЛАРДЫ
ҚАЛЫПТАСТЫРУ –
ҰСТАЗДЫҢ
ҚОЛЫНДА»

– Ермек Жұмабекұлы, әскери білім беру жүйесін дамытуда, сапалы мамандар дайындауда қандай кемшілік бар?

– Мемлекетімізде әскери-теңіз күштерінен басқа әскери салалардың барлығында жоғары оқу орындары бар. Олардың ғимараттары, материалдық базасы қазіргі заманға сай. Бірақ, әскери мамандарды дайындау мен тәлім-тәрбие, білім беруде жаңаша ізденіс жоқтың қасы. Ақын ақын Мағжан Жұмабаевтың: «Алты алаштың баласы бас қосса, төр – мұғалімдікі. Әрбір елдің келешегі мектебіне байланысты» деген сөзі бекер емес.

(Соңы 5-бетте)

БАСҚОСУ

МИНИСТР КӘСІПКЕРЛЕРМЕН КЕЗДЕСТІ



(Соңы. Басы 1-бетте)

2021 жылғы 1 шілдеден бастап жылжымайтын мүлікпен мәмілелерді рәсімдеу кезінде экзамақтылық енгізілгені мәлім. Егер де бұрын мәмілелерді жылжымайтын мүлік орналасқан жердегі нотариус куәландырса, енді тараптар кез келген нотариуска жүгіне алады. Сәулет және қала құрылысы органдарының жылжымайтын мүлік нысанын бұзғанын растайтын құжат беру жөніндегі функциялары заңды түрде бекітілді. Бұл олқылықты жою жылжымайтын мүлік дерекқорындағы нысандар туралы ақпаратты уақытылы жаңартуға және тиімді салық салуға ықпал етеді.

Қанат Мусиннің тағы бір баса айтқан сөзі кәсіпкерлер үшін тіркеу іс-әрекеттерін оңайлату бойынша шаралар қабылданыпты. Осылайша, «Басшыны өзгерту (басшыны тағайындау, басшының міндетін атқарушыны тағайындау, заңды тұлғаның мүлкі мен қызметін басқарушыны тағайындау, басшыны лауазымынан шеттету)» қызметі автоматтандырылған. Бұл қызмет 2021 жылдың қазан айынан басталған. Заңды тұлғаларды, оның ішінде коммерциялық емес ұйымдарды тіркеу саласында мемлекеттік қызметтерді автоматтандыру бойынша жол картасы бекітілгені тағы бар.

Нұрбол ӘЛДІБАЕВ,
«Заң газеті»

МЕЖЕ

ДӘЛЕЛДЕМЕЛЕРДІ ЖИНАҚТАУ МЕМЛЕКЕТТІК ОРГАНДАРҒА ЖҮКТЕЛЕДІ

Әкімшілік әділет институты – өзін-өзі толық ақтаған, бүгінге дейін азаматтар сенімінен шыққан жүйе. Бұл жүйе Еуропа мемлекеттерінде жарты ғасырдан аса уақыттан бері тиімді қолданылуда. Уақыт үдесінен өткен жүйенің біздің елімізде қолданысқа енгізілгеніне де тоғыз айдың жүзі болды. Жаңа құрылған әкімшілік соттардың жұмысы да бірізге түсіп үлгерді.

Сотқа ісі түскенде болмаса, қарапайым азаматтар жаңа заңдардың артықшылығы мен ерекшелігіне мән бере қоймайды. Соған орай әкімшілік әділет институтының маңызын, мәнін түсіндіру мақсатында көп жұмыс атқарылды. Мұндағы негізгі басымдық Әкімшілік рәсімдік-процестік кодекстің жаңалықтарын таныстыруға, түсіндіруге бағытталды. Әкімшілік соттың судьялары заңнаманың негізгі баптарына жан-жақты тоқталып, оны тәжірибеде қолданудың қыр-сыры туралы толыққанды мағлұмат берді. Одан бөлек мемлекеттік құрылымдарда жиын, онлайн шаралар ұйымдастырылып, жария-құқықтық даулардың алдын алу бойынша ақыл-көнес айтылды.

Әкімшілік әділеттің түпкі мақсаты – халықтың мемлекеттік қызмет алуындағы әуре-сарсаңын азайтуға, сол арқылы мемлекеттік қызметтің жұмыс сапасын жоғарылатуға бағытталған. Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексе қабылданғанға дейін жария-құқықтық дауларда қарапайым азаматтардың жеңіске жетуі сирек құбылыс еді. Жаңа институт жұмыс істеген тоғыз айдағы тәжірибеге қарап отырып әкімшілік әділет еліміздің құқықтық заңдық саласына үлкен бетбұрыс жасағанын, мемлекеттік қызметтің дамуына азаматтардың қатысуын ынталандырғанын мойындауымыз керек.

Мемлекет басшысы «Сындарлы қоғамдық диалог – Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі» атты жолдауында әлем мойындаған әділет институты туралы «Теңсіздік-

терді болдырмау мақсатында дауларды шешудің ерекше тетігі ретінде әкімшілік әділет құрылымын енгізу қажет. Бұдан былай дауларды шешу барысында сот қосымша айғақтар жинау бастамасын көтеруге құқылы. Аталған дәлелдемелерді жинақтау міндеті жеке азаматқа немесе бизнеске емес, мемлекеттік органға жүктелетін болады», – деген еді. Судьяның сот процесінде белсенді рөл атқаруы қарапайым азаматтарды өзіне деген сенімін нығайтты. Өйткені жаңа кодекске сүйене отырып судья жария-құқықтық дауларда іске қажет деп тапқан құжаттарды, дәлелдерді сұрауға, қосымша анықтамалар талап етуге толық құқылы.

Бүгінде әкімшілік соттар әкімшілік талап арыздарды белсенді қарауда. Тәжірибеге сүйене отырып айтар болсақ осы аралықта азаматтар мемлекеттік және жеке сот орындаушыларының әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) қатысты, сондай-ақ мемлекеттік сатып алу саласы, жер және салық дауларына байланысты көбірек арызданған. Бұл осы салаларда кемшіліктер, заңбұзушылықтар жиі орын алатынын көрсетті. Мұндай арыздардың жиі қаралуы кемшілік жіберген құрылымдардың өз ісіне жауаптылықпен қарап, тұтынушы талабын ескере отырып қызмет атқаруына септігін тигізеді. Әсіресе процестік мәжбүрлеу шарасы ретінде соттардың ақшалай өндіріп алуы қолдануы мемлекеттік орган жұмысына серпіліс әкелгені сөзсіз.

Сотқа келген азаматтар жаңа заңның артықшылығын байқап үлгерді. Азаматтардың сотта өз талабының дұрыстығын дәлелдеп жаппайтыны, дәлелдеу ауыртпалығының мемлекеттік органға жүктелуі де біршама жеңілдік тудырғаны ақиқат.

Гүлім МҰҚАНОВА,
Алматы қаласы
мамандандырылған
ауданаралық әкімшілік
сотының судьясы

МӘМІЛЕ

Дауды медиациямен шешуге дамыған елдер ерекше мән береді. АҚШ, Ұлыбритания, Канада, Австралия және бүкіл Еуропада медиация заң деңгейінде бекітілген. Тараптардың татуласуына терең мән беретін өркениетті мемлекеттер медиацияны ақшаны үнемдеудің, уақытты ұтымды пайдаланудың, сот жүктемесін төмендетудің тетігі деп біледі. Әлем мойындаған бітімгершілік рәсімдері біздің елімізде де 2011 жылдан бері кең қолданылып келеді. Игі істің бастауында осы жылы қабылданған «Медиация туралы» заң тұрғаны белгілі.

МЕДИАЦИЯДА ЖЕҢІЛГЕН ТАРАП БОЛМАЙДЫ

Әрине, алғашқы жылдары медиацияны түсінгендер, дауды өзара келісіммен бітіруге келіскендер қатары көп бола қойған жоқ. Алайда, бітімгершілік қазақтың қанында бар қасиет. Тамырында кешірім мен ізгіліктің дәні бар халықтың медиацияны мойындамауы мүмкін емес еді. Тек қазақты түсінікке таңсық көрінген бұл ұғымның мәнін барынша жетік түсіндіріп, тиімділігін жұртшылыққа жеткізе білу керек болатын. Қазақстандық судьялар осы бағытта көп жұмыс атқарды. Әр сот медиация кабинетін ашып, әр ауылдан медиаторлар жасақтауға атсалысты. Елге беделді жандардың, ауылда абыройлы азаматтардың кәсіби медиатор ретінде білімін жетілдіруіне ықпал етті. Аймақтарда Билер кеңесінің құрылуына да мұрындық болған – судьялар.

Былтыр «Медиация туралы» заңның қолданыста болғанына 10 жыл толды. Осы уақыт ішінде елдегі дауестікті төмендетіп, келіспеушіліктерді өзара келісіммен, бітіммен шешудің барлық мүмкіндіктері жасалды. Алғашқы кездегідей емес, заңдарға енгізілген өзгерістердің нәтижесінде тараптарды татуластыруға тек медиаторлар ғана емес, сонымен бірге екі тараптың адвокаттарының атсалысуына жол ашылды. Бүгінде партисипативтік келісімге келіп

жатқандар саны да өскен. Одан бөлек, татуластыру рәсімдеріне судьялардың да араласуы медиациямен аяқталатын істердің санын айтарлықтай арттырды. Өйткені, біздің азаматтардың түсінігінде арыз-шағым тек сотта қаралып, дауға тек судья ғана нүкте қоюы керек түсінік берік орныққан. Сондықтан дауды бітіммен аяқтаудың қаржы, уақыт жағынан тиімді екенін түсініп тұрса да көпшілігі медиациядан бас тартатын. Ал Азаматтық процестік кодексте «Татуластыру рәсімдері» деген арнайы тараудың берілуі медиацияның дамуына үлкен бетбұрыс әкелгенін мойындауымыз керек. Сонымен бірге, «Азаматтық процестік кодексіне соттар жұмысының заманауи форматтарын ендіру, артық сот рәсімдері мен шығындарын қысқарту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заң қолданысқа енгізілді. Заң үш бағыттан тұрады. Біріншіден, соттар жұмысын заманауи форматқа келтіру. Екіншіден, азаматтық процестегі тиімділікті арттыру, үшіншіден, сот ісін жүргізудегі цифрландыру қамтылды. Заңнамада татуластыру үшін қосымша мүмкіндіктер қарастырылған, соған сәйкес енді талап арызды қабылдау барысында он жұмыс күні ішінде судьялар тараптарды татуластыруға ықпал жасайды, егер



Лариса ШАМГУНОВА,
Маңғыстау облысының кәсіпкерлер
толмағандар ісі жөніндегі
мамандандырылған ауданаралық
сотының төрағасы

тараптар татуласпаса және олардан осы судья істі әрі қарай қарауды сұраған өтінішхаты болмаса, іс басқа судьяның қарауына беріледі. Мұндай тәжірибе бірқатар дамыған елдерде бар, мысалы Сингапурда, Канадада, Германияда татуластырушы судья тараптар татуласпаған жағдайда істі мәні бойынша қарау үшін басқа судьяға береді. Бұл өзгертулер өте маңызды. Сондықтан, АПК енгізілген өзгертулер мен толықтырулар кодексті халықаралық стандарттарға жақындатады.

Медиацияда жеңілген тарап болмайды. Қазіргі уақытта сот органдарында дауды медиация тәртібімен реттеу туралы келісімдер кенінен қолданылады, оларды кейіннен сот бекітеді. Мәселен біздің сотта биылғы жылы 10 бейбіт келісім бекітіліп, сотқа дейінгі хаттаманың көмегімен тараптар 11 мәмілеге қол қойды.

Тараптардың медиация мүмкіндіктерін пайдаланып, дауды сотқа жеткізбей өзара келісіммен шешкені соттарға да тиімді. Бұл сот жүктемесін азайтып, судьялардың ізденуіне, назарын күрделі істерге аударуына ықпал етеді. Сондықтан, татуластыру рәсімдерін әлі де насихаттап, халықтың құқықтық сауатын көтеру күн тәртібінен түспейді.

ТАЛҚЫ

ҚЫЛМЫСТЫҢ ӨТЕУІ – ЖАЗА

Сот төрелігін жүзеге асыру барысында жазалар жүйесін белгілеудің әдістемелік және тәжірибелік маңызы жоғары. Себебі, әрбір жазаның қолдану негізін, дәл шегін және атқарылу тәртібін көрсетіп, олардың толық тізімін беру арқылы қылмыспен күресте жазалау саясатының бірлігіне, сот қызметінде заңдылық принципін сақтауға қол жеткізуге болады.

Жаза түрлері бір жүйемен берілген. Соның нәтижесінде, сот заңға сүйене отырып, сотталушыға оның қайта түзелуіне ықпал жасаудың әртүрлі шараларын тиімді де ұтымды пайдалана алады. Ал заңмен белгіленген жазалар жүйесінің маңыздылығы – жазаның дәрежесін анықтауда. Бұл тек жаза тағайындалғанда ғана емес, жазаның өтелмеген бөлігін жазаның жеңіл түріне ауыстырғанда да керек. Жаза қылмыстық құқық бұзушылық жасағаны үшін кінәлі деп танылған адамға әлеуметтік әділеттілікті қалпына келтіру, сондай-ақ, сотталған адамды түзеу және жаңа қылмыстық құқықбұзушылықтың алдын алу мақсатында қолданылады. Ол тән азыбын шектіруді немесе адамның кадр-қасиетін қорлауды мақсат етпейді.

Жаза түрлерін топтастырудың маңызы зор. Қылмыстық құқықбұзушылық жасағандарға қандай жаза қолданылады? Бұл Қылмыстық кодекстің 40-бабында көрсетілген. Мәселен, қылмыстық құқық бұзушылық жасағаны үшін кінәлі деп танылған адамға айыппұл, түзеу жұмыстары, қоғамдық жұмыстарға тарту, қамқакқа алу, бас бостандығын шектеу, бас бостандығынан айыру жазалары қолданылуы мүмкін. Сол сияқты «кінәлі» деп танылған адамға негізгі жазамен

қатар қосымша жазалар да тағайындалады. Оның ішінде мүлкін тәркілеу, арнаулы, әскери немесе құрметті атағынан, сыныптық шенінен, дипломатиялық дәрежесінен, біліктілік сыныбынан және мемлекеттік наградаларынан айыру, белгілі бір лауазымды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыру бар. Сондай-ақ, азаматтығынан айыру, шетелдікті немесе азаматтығы жоқ адамды елден шығарып жіберу жазасы қолданылады. Соттың тек қылмыстық заңның бабында қарастырылған жаза түрі мен шегін тағайындауға мүмкіндігі бар. Әрбір жаза түрінің мазмұны мен ауырлық деңгейіне, сотталушыға әсер ету жағдайына байланысты өзіндік ерекшелігі бар.

Қылмыстық құқықтағы жаза – бұл әлеуметтік құқықтық құбылыс. Жазаның әлеуметтік функциясы ретінде жазаны қылмыс жасаған адамға қолданғанда бұзылған қоғамдық тәртіпті қалпына келтіріп, келтірілген зардаптың орнын толықтырып, қылмыскерді жауапқа тарту арқылы қоғамдық қажеттілікті қанағаттандыру, қылмыстың жасалуына байланысты азаматтардың қорқыныш сезімі мен сенімсіздік күйін жойып, құқық қорғау органдарының адам мен азаматтың, қоғамдық ортаның және мемлекеттің мүдделерін қорғауына қабілеті бар екеніне сенімін арттыруды түсіну керек. «Қылмыстың өтеуі – жаза» екенін қогм түсінген кезде ғана соттарға деген сенім болады.

Қуаныш ТЕРЛІКБАЕВ,
Алматы қаласы
Бостандық аудандық №2 сотының судьясы

ЖОЛДАУҒА ҚОЛДАУ

ӘР АДАМНЫҢ ҚҰҚЫҒЫН ҚОРҒАУ ӨЗЕКТІ

Әкімшілік әділет жүйесінде сот қызметінің заманауи үлгісі енгізіліп, артық сот үдерістері қысқартылуда. Заңнамадағы барлық қайшылықтар мен қомекшіліктер азаматтар мен бизнестің мүддесіне орай түсіндірілетіні заң жүзінде қамтамасыз етілді. Дерек көздеріне сүйенсек, әкімшілік соттар ашылғалы 14 мыңнан астам талап арыз түскен. Шығарылған шешімнің 48% талапкерлер пайдасына шешіліп, мемлекеттік органдар әрбір екінші істе жеңілген. Жеке және заңды тұлғалардың жария құқығын, бостандығы мен мүддесін толық іске асыру, жария-құқықтық қатынастарда жеке және қоғамдық мүдделердің теңгеріміне қол жеткізу, тиімді және бүкпесіз мемлекеттік басқаруды, оның ішінде адамдардың басқару шешімін қабылдауға қатысуы арқылы қамтамасыз ету, жария-құқықтық саладағы заңдылықты нығайту әкімшілік рәсімдердің басты міндеті болып табылады. Ал, әкімшілік сот ісін жүргізудің міндеті – жария-құқықтық қатынастарда жеке тұлғалардың бұзылған немесе дау айтылатын құқығын, бостандығы мен заңды мүддесін, заңды тұлғалардың құқығы мен заңды мүддесін тиімді қорғау және қалпына келтіру мақсатында

әкімшілік істерді әділ, бейтарап және уақытылы шешу. Әкімшілік рәсімдер мен әкімшілік сот ісін жүргізу бірнеше қағидаттар негізінде жүзеге асырылады. Соның ішінде жаңа әрі ерекше қағидат «соттың белсенді рөлі» болып табылады. Осы орайда, сот әкімшілік процеске қатысушылардың түсініктемесі, арызы, өтінішхаты, ұсынған дәлел, дәлелдеме және әкімшілік істің өзге де материалымен шектеліп және заңды тұстарына жататын құқықтық негіздемелер бойынша өзінің алдын ала құқықтық пікірін айтуға да құқылы. Әкімшілік әділет институтында татуластыру рәсімдері арқылы дауды бітімгершілікпен қысқартуға мүмкіндік қарастырылған. Атап айтсақ, кодекстің 120-бабына сәйкес, тараптар өзара жол беру негізінде әкімшілік процестің барлық сатысында сот шешім шығаруға кеткенге дейін татуласу, медиация немесе дауды партисипативтік рәсім тәртібімен реттеу туралы келісім жасасу арқылы

әкімшілік істі толығымен немесе ішінара аяқтай алады. Сонымен қатар, жауапкердің әкімшілік қалауы болған кезде тараптардың татуласуына жол беріледі. Тараптардың татуласуы, медиация немесе дауды партисипативтік рәсім тәртібімен реттеу туралы келісімін бекіткен кезде сот талап қоюды толығымен немесе тиісті бір бөлігінде қайтару туралы ұйғарым шығарады. Ал, ерікті түрде орындалмаған келісім атқару парағының негізінде мәжбүрлеп орындатуға жатады. Сондай-ақ, сот тараптардың татуласуы үшін шараларды қабылдайды, оларға дауды процестің бүкіл сатысында реттеуге жәрдемдеседі. Осы орайда, өңірде әкімшілік соттар жұмысын бастағалы 56 талап қою татуласумен аяқталса, оның 5-еуі медиация, 51-і бітімгершілік рәсіммен біткен.

Қорыта айтсақ, әр адамның құқығын әділ әрі сапалы қорғау өзекті. Ал азаматтар мен бизнесті мемлекеттік органдардың қиянатшылдан қорғау – сот төрелігінің ашықтығы мен қоғамның сот жүйесіне деген сенімін нығайтады.

Гүлшат САХАНОВА,
Ақтау қаласының №2 сотының
судьясы

БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

ӘЛЕУМЕТТІҢ ӘЛ-АУҚАТЫ АРТПАҚ

(Соңы. Басы 1-бетте)

2025 жылдарға арналған ұлттық жобасы. Аталған жоба кәсіпкерлік белсенділікті арттыруға, кәсіпкерлердің өсуін жеделдетуге, жаңа нишаларды қалыптастыруға, сонымен қоса бәсекелестікті дамытуға бағытталып отыр. Осы орайда, «Бастау Бизнес» жобасындағы өзгерістер, жұмыспен қамту жобалары мен оқыту шаралары қарастырылған.

Былтыр нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017–2021 жылдарға арналған «Еңбек» мемлекеттік бағдарламасын іске асыру мерзімі аяқталған болатын. Осыған орай, Кәсіпкерлікті дамытудың 2021–2025 жылдарға арналған ұлттық жобасын жүзеге асыру қолға алынды.

2021–2025 жылдар аралығындағы кәсіпкерлікті дамытуға арналған жобаға мемлекет тарапынан бір адамға 1,2 млн теңге қарастырылған. Өткен жылы яғни, 2017 – 2021 жылдарға арналған бағдарламада адам басына 550 мың теңге берілген болатын. Аталған жоба аясында елімізде көптеген адам өзінің кәсібін ашып, өзін және өзгелерді де жұмыспен қамтуға мүмкіндік алды.

Сонымен қатар, аталған ұлттық жоба 10 міндетті көздейді, оның 3-еуі халықты жұмыспен қамту үшін жәрдемдесуге бағытталған. Нақтырақ айтсақ, басты мақсат – азаматтардың өз ісін ашып, дамытуына жағдай жасау, субсидияланатын жұмыс орындарын ұйымдастыру арқылы кәсіпкерлерді қолдау және кәсіпкерлердің қажеттіліктеріне қарай дағдыларды дамыту болып отыр.

Бірінші міндеттің бірі «Бастау Бизнес» жобасы бойынша кәсіпкерлікке оқыту. Жалпы, алғашқы міндет аясында аудандардың шебер-жоспарлары жасалып, «Бастау Бизнес» жобасы бойынша кәсіпкерлікке оқыту жүргізілетін болады. Сондай-ақ, жас кәсіпкерлер мен халықтың әлеуметтік осал топтары қатарындағы азаматтарға жаңа бизнес-идеяларды іске асыруға шағын несиелер мен гранттар беріледі.

«Бастау Бизнес» жобасы шеңберінде жыл сайын елімізде 30 мың адамды, оның ішінде кемінде 6 мың жас азаматты кәсіпкерлік негіздеріне оқыту жоспарланған. Оқуды аяқтаған және бизнес-жоспарын

қорғаған қазақстандықтар жеңілдікті шарттармен мемлекеттік гранттар мен микрокредиттер алуға мүмкіндік алмақ.

– Бұл ретте, жастарды және азаматтардың әлеуметтік осал санаттарын жыл сайын гранттармен қамту жоспарлануда. Ал, жеңілдетілген шарттармен шағын бизнес ашу және отбасылық фермерлік шаруашылықтарды өндірістік-өткізу тізбектеріне біріктіру үшін аудандардың шебер-жоспарлары жасалып, соның негізінде берілетін болады. Сондай-ақ, грант алушылардың санаты да қайта қаралады. 2022 жылдан бастап гранттар жастарға, жұмысқа қабілетті мүмкіндігі шектеулі азаматтарға, атаулы әлеуметтік көмек алушы отбасы мүшелеріне және қандастарға жеке кәсіптерін ашу мақсатында беру жоспарланып отыр. Сонымен қатар, Кентау қаласы, Абылай хан №16 ғимаратында орналасқан Халықты жұмыспен қамту орталығында 2022 жылдың қаңтар айынан бастап, 2025 жылдары «Кәсіпкерлікті дамыту» ұлттық жобасының үшінші бағыты аясында «Бастау Бизнес» кәсіпкерлік тиімділігін арттыру үшін «Еңбек» мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде оларды іске асырудағы кемшіліктер ескерілгенін, оларға сәйкес әрбір нысаналы топтың қажеттіліктерін ескере отырып, өзгерістер енгізілгенін де еске салып өтті.

Сонымен қатар, талап етілетін дағдыларды онлайн оқыту skills.enbek.kz платформасында жүзеге асады. Онда сұранысқа ие кәсіптер мен дағдыларды ескере отырып, қысқа мерзімді онлайн курстардың легі қалыптасады.

Электронды еңбек биржасында түйінде орналастыру немесе бос жұмыс орындарын іздеу кезінде өтінім беруге және курстан өтуге болады. Ізденушіге тиісті өтінім беру жеткілікті. Курс аяқталғаннан кейін және жұмыс беруші талап ететін дағдыларды игергеннен кейін жұмыс іздеуші дағдыларды игеру туралы сертификат алады және ашық бос орынға өтінім қалдырады.

Раушан НАРБЕК
ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫ

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ САЯСАТ

БІТІМГЕРЛЕР МИССИЯСЫ – ТЫНЫШТЫҚ ПЕН БЕЙБІТШІЛІК

Қазақстанның сыртқы саясатында бітімгершілік қызмет маңызды рөл атқарады. Еліміз тәуелсіздік алғаннан бері жаһандық бейбітшілік пен қауіпсіздікті қамтамасыз ету жолында халықаралық күштің жауапты мүшесі ретінде өзін барлық қырынан көрсете алды. Мемлекеттің бітімгершілік қызметі негізінен қарулы қақтығыстардың алдын алу, тоқтату мен гуманитарлық қызмет көрсетуге бағытталған.

2000 жылы елімізде алғаш рет Қазақстанның бітімгерлік батальоны құрылды (ҚазБат). ҚазБаттың 2003 жыл мен 2008 жыл аралығында «Иракқа бостандық» атты бітімгершілік операцияға қатысуы – елдегі жағдайды тұрақтандыру жолындағы халықаралық күш аясындағы алғашқы жауапты миссиясы. Тұтастай алғанда 290 адамнан тұратын қазақстандық 9 бітімгершілік контингент Иракқа қызмет етті. Олардың ішінде әскери инженерлер мен медициналық қызметкерлер де болды.

Бұл ретте қазақстандықтардың басты міндеті қарауылшы жасақтардың қауіпсіздігін қамтамасыз етіп, аумақтар мен базаларды минадан тазалау, жол қозғалысын реттеу, гуманитарлық көмек бойынша операцияларды жүзеге асыру. Қазақстанның әскери қызметкерлері 5 млн жарылғыш қауіп бар оқ-дәріні жойып, Ирактың 500 азаматына медициналық қызмет көрсетті. Қазақстанның бітімгерлік батальонының негізгі жұмыстарының бірі – 2003 жылдан бері НАТО мүшелері қатысатын бірлескен лаңкестік және бітімгерлік оқуларын тұрақты түрде өткізуі.

Қазақстандық бітімгершілердің басты миссиясы – Біріккен Ұлттар Ұйымының БҰҰ бейбітшілік пен қауіпсіздікті сақтау бойынша операцияларына қатысу болып отыр. Мәселен, 2014 жылдан бастап Қазақстан өкілдері Батыс Сахар мен Кот-д'Ивуардағы миссияда штаб офицерлері мен соғыс бақылаушылары ретінде қызмет етті. Олардың құрамында әйел сарбаздар да болды. Сонымен қатар, 2018 жылы Қазақстаннан 120 әскери қызметкер Ливандағы БҰҰ-ның уақытша күштері ретінде әрекет етуге жіберілді. Бітімгерлер жаяу және көліктік күзет, штаб жұмысымен, бақылау тіректерінде кезекшілік жасап, БҰҰ-ның посттарының қауіпсіздігін қамтамасыз етумен айналысатын үндінің INDBATT батальоны құрамында

қызмет етеді. Сонымен қатар, Қазақстан Байрутта болған жарылыстан соң төтенше көмек көрсетуге атсалысты. Осы мақсатпен Ақтаудан Ливанға 2020 жылдың тамыз айында құрамында хирург, травматолог, нейрохирург, интенсивті терапия дәрігерлері бар, аудармашылар бар барлығы 29 әскери қызметкер барды.

Қорғаныс министрлігінің 2020 жылғы кеңейтілген отырысында Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев салалық министрлік пен мүдделес ұйымдарға Қарулы күштердің БҰҰ-ның бітімгерлік операцияларына қатысуын кеңейту бойынша Жол картасын дайындауды тапсырған болатын. Батыстық жарты шар мен бұрынғы кеңестік аймақтардағы геосаясат, қорғаныс, киберқауіпсіздік мәселелері бойынша сарапшы Уайлдер Алехандро Санчестің айтуынша, Тоқаевтың бұл мәлімдемесі жоғары бағаланады. Өйткені, БҰҰ-ның бітімгерлік миссиясы жақсы дайындалған білікті «көгілдір каскалдарды» қажет етеді. БҰҰ-ның уақытша бітімгерлік күштері құрамына жіберген Қазақстанның әскері өте жақсы нәтиже көрсетті. Соның арқасында БҰҰ-ның басқа миссиялары ойдағыдай орындалуда.

Осылайша өзгермелі жаһандық жағдай мен халықаралық тұрақсыздық пен мемлекетаралық жанжалдар көбейіп тұрған уақытта Қазақстанның бітімгерлік күштері БҰҰ-ның бітімгерлік миссияларында айрықша рөл атқарып отыр. Алдағы уақытта осы адалдығынан танбай, халықаралық қауымдастықтың жаһандағы бейбітшілік пен қауіпсіздікті қамтамасыз етуге нақты түрде ықпалын тигізге беретініне сенім мол.

А.ТҮРМАҒАНБЕТОВА,
«Заң газеті»

КӨКЖИЕК

«Қазақстан тұтынушылар лигасы» қауымдастығы (ҚТЛҚ) тұтынушылардың құқықтарын қорғауға қатысты қолданыстағы заңнамалардан кәсіпкерлердің хабардар болу дәрежесін анықтау үшін жүргізілген зерттеу нәтижесін жариялады. Ол Алматы қаласы әкімдігінің халықты жұмыспен қамту орталығымен бірлесіп жүргізілген болатын. Зерттеу барысында 2020 жылғы 25 маусымдағы «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне тұтынушылардың құқықтарын қорғау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заңына сәйкес қабылданған түзетулер туралы сұралды.

ТҰТЫНУШЫ ҚҰҚЫҒЫ САУАТСЫЗДЫҚТЫ АЗАЙТАДЫ



– Зерттеулер аясында әлеуметтік қызметкерлер 2120 сауда нысанына барды. Олардың 1272-сі аяқ киім мен киім-кешек, 424-і азық-түлік, 212-і дәріхана және оптика, 212-сі құрылыс және шаруашылық дүкені болды. Бұл нысандардың 80 пайызы жеке кәсіпкерлердің, 20 пайызы жауапкершілігі шектеулі серіктестіктердің меншігі. Олардың 30 пайызын сауданың иелері жүргізсе, 70 пайызында оған жалдамалы сағушылар тартылған. Сауалнама нәтижесінде тұтынушылардың құқықтары және кәсіпкерлердің міндеттері туралы 5 пайызы ғана хабардар екендігін көрсетті, – деді «Қазақстан тұтынушылар лигасы» қауымдастығының басқарма төрағасы Светлана Романовская. Оның айтуынша, кәсіпкерлер: тұтынушы өтініштерін қараудың қабылданған тәртібі; тұтынушы шағымдарына оларды алған сәттен

бақылау жүргізуге құқығы; кәсіпкердің дауларды сотқа дейін қарау субъектілері, уәкілетті мемлекеттік орган туралы ақпаратты орналастыру бойынша міндеттерін сақтамағаны, тұтынушының талабына белгіленген мерзімде жауап бермегені, тиісті де, тиісті емес те сападағы тауарларды қайтару/айырбастаудан бас тартқаны үшін енгізілген әкімшілік жауапкершіліктен хабарсыздығы мәлім болды. Сондықтан зерттеудің осындай нәтижелері кәсіпкерлермен олардың құқықтық сауатсыздығын жою бойынша жұмыс жеткілікті деңгейде жүргізілмейді. Бұл олардың тұтынушылардың құқықтарын үнемі бұзуына әкеледі деген қорытынды жасауға мүмкіндік береді.

Ерлік ЕРЖАНҰЛЫ,
«Заң газеті»

НАРЫҚ

Қазақстандағы көтерме-бөлшек сауданың жалпы көлемі былтыр 42,2 трлн теңге немесе 100 млрд АҚШ долларын құрады. Ондағы өсім пандемияға дейінгі кезеңде жылына 7,6%-ға өскен еді. Былтыр ол 9,2%-ды құрады.

ӨМІР ИННОВАЦИЯСЫНЫҢ КӨРСЕТКІШІ

– Пандемия электрондық коммерцияны дамытудың драйверіне айналды. Былтыр төлем карталарын пайдалану арқылы жасалатын транзакциялар көлемі 220 млрд доллардан асты. Электрондық сауда көлемі 2014 жылдан бастап он есе өсті. Біздің мақсатымыз 2025 жылға қарай ел ритейлінің жалпы көлеміндегі е-коммерция үлесін 15 пайызға дейін жеткізу. 2021 жылдың 9 айында оның үлесі шамамен 11%-ды құрады, – делі QazTrade АҚ бас директоры Азамат Асқарұлы Өзбекстан астанасында өткен халықаралық инвестициялық форум кезінде. Онда «Бөлшек сауданың цифрлық трансформациясы» панельдік пікірталасында өз әріптестерімен Орталық Азия елдерінің ритейл нарығын дамытудың перспективаларын талқылаған болатын.

Сауда және интеграция министрлігінің баспасөз қызметінің мәліметіне қарағанда, Қазақстанда 100-ден астам интернет-дүкен мен 20 жергілікті және халықаралық маркетплейстер жұмыс істейді. Қазақстандық ең ірі онлайн-алаң саналатын Kaspi.kz-тің шамамен 1млрд доллар айналымы бар. Тауарлар асортименті 20 мың атаудан астам Arbuз.kz онлайн-супермаркеті енді халықаралық деңгейге шығып, Бельгия мен АҚШ-та өз кезегінде іске қосу жұмыстарын жүргізуде. Ал еліміздің ең ірі маркетплейстері Flip.kz пен Satu.kz алаңдарына ай сайын әрқайсысына 5 млн-нан астам пайдаланушы барады.

Онда Өзбекстан Республикасының Инвестиция және сыртқы сауда министрінің орынбасары Бахтиер Рахимов, Korzinka.uz супермаркеттер желісінің негізін қалаушы Зафар Хашимов, Makro (Өзбекстан) супермаркеттер желісінің басқарушысы Роман Сайфуллин және

Magnum директорлар кеңесінің төрағасы Азамат Османов саланы дигитализациялаудың әртүрлі қарқынына қарамастан Орталық Азия елдері цифрлық жобаларды түйістіруге ұмтылатынын атап өтті. Мәселен, электрондық коммерцияның дамуына QazTrade халықаралық сауда орталығы мен Еуропа Одағы бірлесіп, Орталық Азиядағы ішкі-өңірлік және халықаралық сауданы қолдау жөніндегі «Ready4Trade Central Asia» жобасын іске асыруға ықпал етеді.

Азамат Асқарұлының айтуынша, Қазақстанда сауда және орта бизнес өткізілетін онлайн-сауданы жүргізуге байланысты оқытумен айналысатын 9 ұлттық бизнес-жаттықтырушы сертификатталды. Тоқыма, тігін ісі, колөнер және агробизнес саласында жұмыс істейтін 45 компания іріктеліп алынып, өкілдері оқытудан өтуде. Жоба қорытындысы бойынша өз бизнесін онлайн-ортада белсенді жүргізетін шағын және орта отандық кәсіпорындар пулы қалыптастырылатын болады. Жалпы аймақ елдерінде сауда саласындағы цифрландыру процестерін күшейтуге Орталық Азиялық электрондық коммерция хабы зор ықпал ете алады. Оны «Орталық Азия» шекара маңы өнеркәсіптік кооперациясы орталығының базасында құру ұсынылып отыр. Өйткені, өркениетті ритейл, әсіресе, азық-түлік тауарларымен сауда жасау «өмір инновациялары эволюциясының көрсеткіші». Ол инфрақұрылымға, телекоммуникацияларға, өндірушілерге, фискалдық саланы дамытуға және тағы басқа да салаларға тәуелді сектор болып табылады.

Е.КЕБЕКБАЙ,
«Заң газеті»

МИНБЕР

ҚЫЛМЫС ЖАЗАСЫЗ ҚАЛМАУЫ ТИІС

Қаңтар оқиғасының жаңғырығы әлі жадымызда тұр. Бейбіт басталған шерудің кейіннен дүрбелеңге, жаппай тәртіпсіздікке ұласқаны белгілі. Көпшілікке еремін деп жүріп ғимараттарды, сауда нысандарын қиратуға, тонауға қатысып істі болып жатқандар қаншама? Бүгінде тәртіп бұзғандардың ісі сотқа да жетті.



Өмір заңдылығының өзі ешбір жамандықтың ізісіз кетпейтінін көрсетеді. Ал зайырлы, құқықтық мемлекетте кез келген заңбұзушылықтың жазасыз қалмайтыны түсінікті. Біздің елімізде шеруге шығып, талап-тілегінді жеткізудің құқықтық негізі жасалған. Алайда, мұны басбұзарлықпен, қарақшылықпен, мародерлікпен шатастыруға болмайды. Өкінішке орай, тәуелсіздіктің бесігі болған аяулы Алматымыз қаңтар оқиғасы кезінде өрттің ошағына айналды. Ғимараттар өртелді, көше бойындағы бағдаршам, жарықтар қиратылды. Қоғамдық, қызметтік көліктермен бірге жеке адамдардың көліктері де отқа оранды, жарамсыз болып қалды. Сауда нысандарына жасалған қарақшылық кезінде бағалы заттар тоналды. Коронавируск

байланысты орын алған карантиннен кейін енді-енді кәсібін жолға қойып, жұмысын жөнге келтіріп келе жатқан отандық кәсіпкерлер миллиондаған шығынға батты. Оның сұрауы кімнен?

Қазір қаңтар оқиғасы туралы, онда құқықбұзушылық жасап істі болған азаматтарға қатысты халықтың пікірі екіге жарылған. Бірі – қолға түскен азаматтардың қылмысын кешіріп, босату керек деп санайды. Ал екінші тарап – қаланы аяусыз бүлдіргендер, жағдайды пайдаланып тонауға қатысқандар жазасын алу керек дейді. Олардың келтіріп отырған аргументі де мықты. Шынында, жазасыздық жаңа қылмыс тудырады. Оның үстіне, құзырлы органдар эмоциямен әрекет жасамайды. Полиция қылмысты ашып, қылмыскерді анықтаса,

прокуратура істің дұрыс тергелгенін, заңбұзушылық орын алмағанын бақылайды. Ал соттың міндеті – заңмен арды басшылыққа ала отырып әділ төрелік ету, айыптының қылмысына қарай жаза тағайындау.

Қылмыстық кодекстің 457-бабына сәйкес мародерлік деп шайқас алаңында өлгендер мен жараланғандардың заттарын жымқыру танылады. Ол үшін бес жылдан он жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыру жазасы белгіленген. Әрине, қаңтар оқиғасын соғыс жағдайымен салыстыра алмаймыз. Дегенмен, сол кездегі қым-қуыт жағдайды, тәртіпсіздікті пайдаланып теріс әрекет жасағандардың әрекеті заңды бағасын алуы тиіс.

Бір ескерерлігі, айыпты орындығында отырғандардың көпшілігі өзінің қателігін мойындаған. Олар өздерінің ұрпаған, тонаған заттарын қайтарып, кешірім сұраған. Істі болғандардың басым бөлігі өмірін енді бастаған өрімдей жастар екенін де ескергеніміз жөн. Жасы үлкен дегендерінің өзі жаңа отау құрғандар немесе көмелетке толмаған бірнеше баласына пана болып отырғандар. Сот ісін қарағанда мұның барлығы жазаны жеңілдететін мән-жайлар ретінде қарастырылуы.

Соттың міндеті жазалау емес, тәрбиелеу. Шалыс басқан азаматтардың өз қателігінен сабақ алуына, жаңа өмір бастауына мүмкіндік беру. Міне, сондықтан да біз қаңтар оқиғасында заң бұзғандардың ісін таразылағанда жоғарыдағы мән-жайларға баса назар аударамыз. Келтірілген шығын көлемі мен жасаған әрекетінің салмағына қарап бас бостандығынан шектеу жазасы белгіленгендер де бар.

Ең бастысы, барлық сот отырыстары ашық өтуде. Онлайн соттарға кез келген бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері кедергісіз қатысып, сот отырысынан толыққанды ақпарат таратуына жағдай жасалып отыр. Мұндағы мақсатымыз – бір адамның шалыс қадамын көрсете отырып, өзгелерді қателіктен сақтандыру. Әсіресе, елінің тағдырына алаңдаған. Мемлекетте әділдік, тазалық, тұрақтылық болғанын қалаған азаматтар бар нәрсені өз қолдарымен бүлдірмеуге тиіс.

Ардақ ЕШЕЕВ,
Алматы қаласы
Алмалы аудандық сотының
төрағасы

ҮНДЕУ

ЗАҢСЫЗ ЕРЕУІЛГЕ ҚАТЫСПАҒАН АБЗАЛ

«Прокуратура туралы»
заңның 31-бабының тәртібімен

Құрметті азаматтар!

Соңғы уақытта облыс кәсіпорындарындағы еңбек даулары жиілеп кетті.

Көбінесе олар стихиялық ереуілдерге көшеді. Әлеуметтік-экономикалық және кәсіптік талаптарды қанағаттандыру мақсатында қызметкерлер ереуіл жариялауға құқылы. Алайда, бұл үшін татуластыру рәсімдерінің кезеңдерінен өту керек, әйтпесе ереуіл заңсыз деп танылады.

Осыған байланысты, ұжымдық еңбек дауларын қарау тәртібі 2015 жылғы 23 қарашада қабылданған Еңбек кодексімен реттелетінін түсіндіреміз. Соған орай жұмыс беруші үш жұмыс күні ішінде қызметкерлердің қойған талаптарын қарауға және оларды шешу үшін шаралар қабылдауға міндетті. Оларды шешу мүмкін болмаған кезде өз шешімдері мен ұсыныстарын (жазбаша түрде) қызметкерлерге жеткізуі (кодекстің 163-бабының 2-бөлігі) керек. Бұдан әрі дау татуластыру комиссиясында (жеті жұмыс күніне дейінгі мерзімде) шешілуге тиіс. Бұл тепе-теңдік негізде тараптардың бірлескен шешімімен құрылған орган.

Татуластыру комиссиясы дауды шешу процесінде қызметкерлермен, жұмыс берушімен және басқа да адамдармен консультация жүргізеді. Комиссияның шешімі тараптардың келісімі қабылданады, хаттамамен рәсімделеді және тараптар үшін міндетті күші болады. Татуластыру комиссиясының мүшелері келіссөздерге қатысқан уақытта жалақысы сақтала отырып, жұмыстан босатылады. Бұл ретте тараптардың ешқайсысы татуластыру рәсімдеріне қатысудан жалтаруға құқылы емес екенін атап өтеміз.

Татуластыру комиссиясында келісімге қол жеткізілмеген кезде оның жұмысы тоқтатылады, ал тараптар дауды шешу үшін әкімдік өкілдерін (мемлекеттік еңбек инспекторын) тарта отырып, еңбек төрелігін құрады (кодекстің 165-бабының 6-бөлігі). Еңбек төрелігі мүшелерінің саны, оның құрамы және еңбек дауын қарау тәртібі тепе-теңдік негізде тараптардың келісімімен айқындалады (еңбек төрелігі кемінде бес адам болуға тиіс).

Татуластыру комиссиясының мүшелері жұмыскерлердің қаралып отырған талаптары бойынша еңбек төрелігінің құрамына кіре алмайды. Еңбек төрелігінің шешімі жеті жұмыс күнінен кешіктірмей төрелік мүшелерінің қарапайым көпшілік дауысымен қабылданады және орындау үшін міндетті болып табылады. Төрелік реттемеген мәселелер бойынша сотқа жүгіну қажет. Бұл ретте жұмыс берушінің немесе прокурордың өтініші бойынша тиісті рәсімді сақтамай ереуіл өткізу тек сотпен заңсыз деп танылуы мүмкін. Мұндай жағдайда сот заңсыз деп таныған ереуілге қатысқандар, ереуілге қатысуға мәжбүрленгендер мен шақырғандар 3 жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айырылуы мүмкін (ҚК 157 және 402-баптары).

Азаматтарды қолданыстағы заңнама нормаларын мүлтіксіз сақтауға, арандатушылыққа бой алдырмауға және заңсыз ереуілдерге қатыспауға шақырамыз. Құқық қорғау органдары белгіленген тәртіпке, қоғамдық қауіпсіздікке қол сұғатын кез келген құқық бұзушылықтың жолын кеседі, сондай-ақ, оларға жол бермеу жөнінде заңда көзделген шараларды қолданады.

ӘКІМШІЛІК ӘДІЛЕТ

ДАУЛАРДЫ БЕЙБІТ ЖОЛМЕН ШЕШУ ЖОЛДАРЫ

Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексі бытырғы жылдың 1 шілдесінен бастап қолданысқа енгізілді. Президент жарлығы негізінде жаңа әкімшілік соттар өз жұмысын бастап кетті. Жаңа сотта әкімшілік органның іс-әрекеті немесе әрекетсіздігіне жеке және заңды тұлғалармен шағым келтіріледі, яғни олар қабылдаған шешімге заңдық тұрғыдан баға беріледі.

Заңға енгізілген жаңашылдықтың бірі жария-құқықтық дауларды татуластыру рәсімдерін қолдана отырып шешу мүмкіндігімен байланысты. Даулы мәселені ой елегінен өткізіп, материалдық және моральдық шығынсыз, ортақ келісімге келу арқылы шешу, әрине, көңілге қонымды іс. Ал дауларды сотқа жеткізбей немесе сотта реттеу тараптардың мәселені қысқа мерзімде шешуіне мүмкіндік туғызады. Бұған дейін жария-құқықтық қатынастардан туындаған даулар бойынша татуластыру рәсімдерін қолдану мүмкіндігі заңда қарастырылмаған еді. Себебі, аталмыш даулар бұрын Азаматтық процестік кодекстің 29-тарауы негізінде, яғни ерекше өндіріспен қаралатын. Демек, бұл өндіріс аясында қаралатын даулар сотта ортақ бітімге келу жолымен шешілуге жатпайтын.

Ал, жаңа Әкімшілік рәсімдік-процестік кодекстің артықшылығы – әкімшілік істер бойынша татуластыру рәсімдерін қолдану болып отыр. Жаңа кодекстің 120-бабында татуластыру рәсімінің ережелері бекітілген. Яғни, жария-құқықтық даулар бойынша тараптар әкімшілік процестің барлық сатысында сот шешім шығаруға кеткенге дейін татуласу, медиация немесе дауды партисипативтік рәсім тәртібімен реттеу туралы келісім жасасу арқылы әкімшілік істі толығымен немесе ішінара аяқтай алады. Алайда, заңда жауапкердің әкімшілік қалауы болған кезде ғана тараптардың татуласуына жол беріледі делінген.

Әкімшілік қалау деген жаңа ұғым әкімшілік органның, лауазымды адамның заң аясында ықтимал шешімдердің бірін қабылдауы дегенді білдіреді. Заң шеңберінде сот тараптардың татуласу, медиация немесе дауды партисипативтік рәсім тәртібімен реттеу жөніндегі келісімді бекіту туралы өтінішхатын сот

отырысында немесе алдын ала тыңдауда қарайды. Нәтижесінде келісімді бекіту немесе келісім шарттары заңға қайшы келетін болса, басқа да адамдардың құқығын, бостандығы мен заңды мүддесін бұзса одан бас тарту туралы ұйғарым шығарады.

Жауапкер тарапынан көбіне бекітілген келісімнің шарттарын орындамауы жиі орын алады. Мұндай жағдайда, заң талаптарына сай, сот қарсы тараптың өтінішхаты бойынша атқару парағын береді және оның негізінде келісімде көрсетілген талаптар мәжбүрлеп орындатуға жатады. Дау бойынша ортақ бітімге қол жеткізілмеген жағдайда әкімшілік іс жалпы тәртіппен сотқа қаралып, тиісті шешім қабылданады.

Жаңа кодекстің 121-бабы сотта медиация жүргізудің тәртібін қарастырады. Яғни, бірінші сатыдағы сотта медиация жүргізу үшін әкімшілік іс медиация туралы келісімді бекітетін басқа судьяға беріледі, болмаса өтінішхатпен әкімшілік істі осы іс жүргізген судья алуы мүмкін. Ал, егер бөгде адамның сотқа қатысуы арқылы дауды реттеуге мүмкіндік туатын болса, сот ол адамды медиацияға шақырады.

Жаңа заң қабылданғаннан кейін, «Медиация туралы» заңға да өзгерістер енгізілді. Онда жеке және заңды тұлғалар мен мемлекеттік орган арасындағы дауға медиация рәсімі ел заңдарында көзделген жағдайда қолданылады делінген. Осы орайда, бірқалыпты практикасы қалыптасу үшін, сондай-ақ, әкімшілік даулардың ерекшелігін ескере отырып, заңдарға бірқатар өзгерістер енгізген жөн деп санаймын.

Сәуле ҚАБИДОЛДИНА,
Нұр-Сұлтан қаласы
мамандандырылған
ауданаралық әкімшілік
сотының судьясы

САРАП

ҚАЗЫ – ХАЛЫҚТЫҢ ОЖДАНЫ

Ана халқымыз «Әділ бидің елін дау араламайды, Әділ патшаның елін жау араламайды», «Дауды шешен бітірмейді, би бітіреді», – деп биді ерекше дәріптеген. Ата Заңымызда судьяның сот төрелігін іске асыру кезінде тәуелсіз және Конституция мен заңға ғана бағынатыны, қазылардың өкілеттігі тек заңда белгіленген негіздер бойынша ғана тоқтатылуы немесе кідіртуі мүмкін екені көрсетілген. Шын мәнінде, сот төрелігін жүзеге асырушы, сот таразысына түскен әр адамның тағдырына әділ үкім шығарушы ретінде білімді адамдардың тағайындалуы аса маңызды. Осыған орай, елімізде судьялықтан үміткерлерге деген талап күшейді.

Алдымен судьялыққа үміткер психологиялық тестілеу сатысынан өтеді. Ол сыннан өтсе ғана заңдардан тест тапсырып, арнайы кейстерді шешеді. Одан әрі эссе жазды, әңгімелесуден өтеді. Осылайша судьялыққа «Жүзден жүйрік, мыңнан тұлпар» шыққандар ғана тағайындалатыны құптарлық. Себебі, қоғам бүкіл сот жүйесіне судьяның біліміне, шығарған сот актісіне, қала берді, әдебі мен мәдениетіне қарай баға береді. Өкінішке орай, «Бір құмалақ бір қарын майды шіртеді» демекші, адалдық пен ардан аттап, шалыс басқан әріптестеріміз де жоқ емес. Деректерге көз салсақ, 2019 жылдан бастап нақты істер бойынша өрескел заң бұзушылықтарға жол берген, кәсіби деңгейі төмен 174 судья қызметінен босатылып, лауазымынан төмендетілген екен. Бұл осыған дейінгі 10 жылды қоса алғандағы көрсеткіштен шамамен 3 есе көп.

Судьяның кәсіби келбеті Судьялық әдеп кодексінен бастау алуы тиіс. «100 нақты қадам» Ұлт жоспарының 19-қадамында судьяның есеп беру тәртібін күшейту, судьялардың жаңа этикалық кодексінен жасау тапсырылғаны белгілі. Венециялық комиссия сарапшылары,

сот корпусы мен құқықтанушы ғалымдардың терең ойы мен көзқарасы, халықаралық құжаттар негізінде әзірленген кодексе судьялардың VII сьезінде қабылданды. 15 баптан тұратын кодексе бүгінде әр судьяның жұмыс үстелінен табылуы тиіс маңызды құжатқа айналды. Аталған кодексте судьялардың тәуелсіздігі, объективтілігі, теңдігі, адалдығы мен сабылмайтындығы, құзыреттілігі мен ұқыптылығы және әдеп нормаларын сақтауы егжей-тегжейлі жазылған. Тағы бір айта кетерлігі, кодексте белгіленген жүріс-тұрыс қағидаларын отставкадағы судьялар да мүлтіксіз сақтауы тиіс.

Алғашқы бабында-ақ судья берген анттына берік болуға, қоғамдық қызмет пен тұрмыстық жағдайда кез келген әрекеттерді жүзеге асырған кезде, әдепсіз жүріс-тұрыс көріністеріне жол бермей, лауазымының жоғары мәртебесіне лайық болып, әдеп нормаларын мүлтіксіз сақтауы, сот билігінің беделін түсіруге әкеп соғуы және абыройына нұқсан келтіруі мүмкін кез келген іс-әрекеттерден аулақ болуға тиістілігі нақты-



Арыстанбек БЕКБОЛАТОВ,
Маңғыстау облысы
мамандандырылған ауданаралық
экономикалық сотының судьясы

ланды. Сондай-ақ, судья өзінің кәсіби қызметін атқарған кезде заңға ғана бағынып, сырттан ықпал етуге, яғни «әке», «көкеге» жол бермей, сот процесіне тікелей немесе жанама араласуға қарсы тұруы қажет. Әдеп кодексінің талаптарын қалтқысыз сақтау біздің басты міндетіміз. Маңғыстау облыстық сотында судья әдебі жөніндегі комиссия жұмыс істеп келеді. Басты мақсат – қазылардың Судьялық әдеп кодексіне көрсетілген этикалық нормалары мен тәртіп ережелерін сақтауын қамтамасыз ету. Бұл бағытта тұрақты түрде семинар, дөңгелек үстел өткізіліп, онда бүгінгінің биіне қойылатын талап таразыланып, әркез қазы – халықтың ожданы екені назарға жеткізіледі.

Мемлекет басшысы «Жаңа жағдайдағы Қазақстан: іс-қимыл кезеңі» атты жолдауында «Азаматтардың мәселелерін тыңдап, көріп қана қою жеткіліксіз. Ең бастысы – дұрыс және әділ шешім шығару қажеттігін» шегелі тапсырғаны белгілі. Қорыта айтсақ, қай кезеңде де би – ақ пен қараны ажыратып, әділ төрелікті көрсете білуі қажет. Себебі, әділ шешім шығарылған жерде қоғамның сотқа деген сеніміне селкеу түспейтіні анық.

СҰХБАТ

Ермек СЕЙІТБАТТАЛОВ, әскери сарапшы, отставкадағы полковник:

«МЫҚТЫ ҚОЛБАСШЫЛАРДЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУ – ҰСТАЗДЫҢ ҚОЛЫНДА»

(Соңы. Басы 1-бетте)

Мұны айтып отырғаным, соңғы кездері әскери білім беретін оқу орындарына оқытуға құлқы жоқ оқытушы-офицерлерді тарту әдетке айналды. Бұл тек әскери салаға емес, жалпы білім ордаларына тән кемшілік. Осы тұрғыдан алғанда бізге профессорлар мен оқытушылар, ұстаздар құрамына қатаң талаптар қойып, іріктеу шарасын жетілдіру жетпей жатыр.

Батыр бабамыз Бауыржан Момышұлы айтқандай, «Ұстаз – ұлық емес, ұлы қызмет». Қазіргі мұғалімдер ұлы қызметке адалдық танытып жүр ме, бар мәселе осында. «Не есек, соны оратынымыз» тағы ақиқат. Ертенгі министрлер мен Бас штаб басшылары, Бас қолбасшылар, мықты офицерлер студент кезден қалыптасады. Сондықтан, әскери университеттерде жаңа оқу бағдарламалары жасалып, мұғалімдер соған сай білім, тәлім-тәрбие беруге ұмтылуы керек. Болашағымыздың жарқын, келешегіміздің кемел болуы оқу орындары мен ұстаздарға тікелей байланысты. Бізге ескі сурлеуден шығатын кез келді. Қазіргі болып жатқан жағдайлардан сабақ алуға тиіспіз.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев халыққа арнаған жолдауында жоғары білім берудің



сапасын арттыруды құзырлы министрлікке тапсырып, жоғары оқу орындарына мамандарды сапалы дайындауды міндеттеді. «Көш жүре түзелер» дегендей, алдағы күндерден күтер үмітіміз мол.

– Сіздің пікіріңізіне өз елінің патриоты болуы үшін адамда қандай сезім басым болуы керек?

– «Ерім дейтін ел болмаса, елім дейтін ер қайдан болсын» демек-

ші, ел экономикасының әлеуеті артып, әділдік, тепе-теңдік сақталса, сондай-ақ, әрбір азамат өзіне қажетті көмекке дер кезінде қол жеткізіп, барлық уақытта қамқорлықты сезінсе, оның бойында өз жеріне, отанына деген мақтанш сезімі оянады. Яғни, олар бақытты шеттен іздемей, елге қызмет етеді. Өзінің өніп-өскен ортасын мақтан тұтады. Осы бір мақтанш сезімі

адамның қанына сіңсе, ешқандай үгіт-насихатсыз-ақ отаншыл болады.

Мұндай жағдайда жастар әскерге өз еріктерімен қуана барады. Бетін аулақ қылсын, әрине, ел басына қауіп төне қалса әрбір жас, мейлі қарт болсын сапқа өздері келіп тұрады. Өйткені, олар өз елін мақтан тұтады. Шынайы сезім – патриотизмнің күре тамыры екенін ұмытуға болмайды.

Отаншылдыққа баулуға еске-лен ұрпаққа сөзбен емес, іспен үлгі болудың маңызы зор. Білімге құштарлық, еңбекқорлық, бірлік, жауапкершілік, әділдік секілді қасиеттер балаға үлкендерден жұғады. Сондықтан, оған сөзбен емес, іспен үлгі болсақ, мықты азаматтар тәрбиелей аламыз.

– Әскерге бару – баршаға ортақ міндет. Алайда, сапқа тұрып, сарбаз болу жастар үшін соғысқа барумен тең. Бұл неің әсері, тәжірибеден не байқадыңыз?

– Ата Заңға сай, азаматтық борышты өтеу, яғни, әскери қызмет әрбір азаматтың қасиетті міндеті. Осы міндетке немқұрайлы қараудың бір себебі жастар, әскерде өмірінің бір жылы босқа кететіндей сезінеді. Әскерге өз еркімен баратындардың басым көпшілігі болашағын осы саламен байланыстыратындар. Яғни,

әскери маман болғысы келетіндер. Олар қандай қиындық болса да төтеп беруге дайын. Ал, жасы толып, военкоматтың ықпалымен келетіндер үшін сарбаз өмірі қиын сынақ. Өйткені, әскерде күнделікті телефон ұстап, әлеуметтік желіге кіре алмайды. Еркін жүріп-тұра алмайды, белгілі бір тәртіпке бағынады. Жастар осыны қиынсынып, өмірлеріне бір бөгет қойылғандай болады. Одан қалса, бірденге ұшырап қалатындай қорқыныш бар. Кіл ер адамдар жүрген жерде түрлі жағдай болуы әбден мүмкін.

Дегенмен, қандай жағдайда да Отан алдындағы борышын өтеу әрбір ер-азаматтың міндеті. Қазіргі таңда азаматтар әскерге мерзімді қызметке және келісімшарт бойынша шақырылады. Мұның өзі оларға жасалған үлкен мүмкіндік.

– Болашақ жауынгерлерді әскер өміріне қызықтырып, қорғаныс қабілеттерін арттыруда қандай шаралар қолға алынғаны дұрыс?

– Мемлекет басшысының тікелей нұсқауымен ұлттық армия тиімді және бәсекеге қабілетті қарумен жаратанып, әскери білім беру сапасын арттыру және халықаралық әскери-техникалық ынтымақтастықты нығайту шаралары атқарылып жатыр. Сондай-ақ, Президент жолдауында мерзімді әскери қызметтегі сарбаздардың мамандық алуына армияда мүмкіндік берілуі керектігі айтылды. Егер осы бастама жанданып, сәтті жүзеге асатын болса азаматтық борышын өтеуден бас тартатындар қатары азаяды. Бұл үшін оларға заманға сай мамандықтарды игертіп, оқу-жаттығу бағдарламасының жаңа түрі енгізілуі керек. Мысалы, пейнтбол, страйкболдың әскери адамдарға бейімделген түрлерімен шұғылданған пайдалы. Компьютерлік стратегиялар, тактикалық категориялармен ойлау әдістеріне баулу, шетелдік қару-жарақтарды қолдануға үйретіп, әскери техниканы меңгерту – сарбаздың рухын күшейтеді. Рухы күшті жауынгер елдің мықты

қорғаушысы болады. Яғни, рухы мықты жауынгерді ешқандай жау ала алмайды. Осы себепті, әскери тәрбие батыр бабаларымыздың жауынгерлік дәстүрін жалғастыра отырып берілгені жөн. Бұл тұрғыда Қазақстан армиясын заманауи, жоғары технологиялық қару-жарақпен және әскери техникамен толықтай жабдықтау маңызды.

– Құқық қорғау органдары қызметкерлеріне көпшіліктің қозғарысы жағымды дей алмаймыз. Мұның себеп-салдарын айта аласыз ба?

– Шынын айтсақ, соңғы кездері құқық қорғау қызметіне елдің наразылығы басым. Меніңше, мұндай наразылықтар бейбіт шеруге шыққандарға полиция қызметкерлерінің күш қолдануынан орын алуға. Сондықтан, полиция, прокурор, т.б. болсын өз қызметін халықпен санаса отырып атқаруы керек. Минитнге шыққандарды үлкен-кішінен қарамай автокөлікке тиіп алып кету полицияның беделін көтермейді. Тергеу барысында болып жатқан зорлық-зомбылық, жемқорлық, т.б. жағымсыз әрекеттер оларды халықтың ықпалынан айырды. Президент «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» құруды айтып жатыр. Құқық қорғау жүйесінің қызметкерлері өз міндеттерін күмән туғызбайтын деңгейде атқарса, оларға деген көзқарас та түзеді.

– Әскери қызметшілер мәртебесін арттыру керектігі жиі айтылады. Ал әскерилердің материалдық жағдайына жеткілікті деңгейде көңіл бөлініп жатыр ма?

– Әскери қызметкерлердің қазіргі материалдық жағдайы қанағаттанарлық деңгейде. Бүгінгі күні тұрғын үй, жалақы, білім алу, денсаулық мәселелері көңілдегідей қарастырылуда. Әскери қызметшілер соған сай еңбек етіп, мәртебелерінің көтерілуіне өздері атсалысуы керек.

– Әңгімеңізге рақмет.

Әңгімелескен
Түймегүл ИБАСHEBA

ПӘРМЕН

ШЕТЕЛДІКТЕР ЕЛ ЗАҢНАМАСЫН САҚТАУҒА МІНДЕТТІ

Мемлекет дамып, өркендеуі үшін өзге елдермен тығыз қарым-қатынас орнатып, достық байланысты нығайту керек. Тәуелсіздік алған отыз жылдың ішінде бұл бағытта ауқымды жұмыстар жүргізілді. Елімізді өркендету жұмыстарына шетелдіктерді тарту, өзара тәжірибе алмасуда өзге елдер тәжірибесіне сүйену кезек күттірмейді. Алайда, Қазақстанда болу, жұмыс істеу тәртібін сақтамайтын шетелдіктер де аз емес. Соған орай бүгінгі күнге дейін көші-қон заңнамасына көптеген толықтырулар мен өзгерістер енгізілді. Мұндағы мақсат ең алдымен Қазақстанның оң имиджіне көлеңке түсірмеуге, шетелдіктердің біздің ел туралы теріс пікірін қалыптастырмауға, ең бастысы, ел заңнамалары өзіміз ғана емес, шетелдіктердің де сақтауына, мойындауына ықпал ету.

Шынығында елімізге заңсыз келіп-кетушілер саны күннен-күнге артып келеді. Заңсыз көші-қон тек мемлекетіміздің саяси ахуалына ғана емес, ішкі қауіпсіздігіне де қауіп төндіретіні ақиқат. Көші-қон заңнамасын бұзуға жол бермеу үшін елімізде түрлі рейдтер, профилактикалық шаралар өткізіліп тұрады. Осы шаралар нәтижесінде заңсыз жүрген келімсектер ұсталып, шетелдіктерді заңсыз жұмысқа тарту, шетелдіктердің елде болу мақсатын өзгерту, Қазақстанда болу мерзімін бұзу деректері жиі анықталуда. Сәйкесінше соттарда Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекстің 517-бабы бойынша істер жиі қаралады. Бұл бап шетелдіктің немесе азаматтығы жоқ адамның Қазақстандағы халықтың көші-қоны саласындағы заңнамасын бұзуы бойынша жауаптылығын қарастырады. Осы баптың 4-бөлігіне сәйкес шетелдік немесе азаматтығы жоқ адам заңнамада белгіленген мерзім өткеннен кейін он тәуліктің асатын кезең ішінде Қазақстаннан кетуден жалтарған жағдайда 25 АЕК мөлшерінде айыппұл салынып не Қазақстан шегінен тысқары жерге әкімшілік жолмен шығарып жіберіледі. Мысалы жақында жоғарыдағы баппен Талдықорған әкімшілік құқықбұзушылықтар жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотында Қытай азаматына қатысты іс қаралды. К.Т. деген азаматты Талдықорған қаласының Полиция басқармасына қарасты Көші-қон қызметінің мамандары ұстап, оның заңнамада белгіленген мерзімнен 10 күннен аса уақыт өткеніне қарамастан өз

еліне кетпегенін анықтады. Кінәсін толық мойындағанын ескере отырып азаматқа 517-баптың 4-бөлігіне сәйкес 25 АЕК көлемінде айыппұл салынды. Сонымен бірге, әкімшілік айыппұлды 30 күннің ішінде төлеу міндеттелді.

Заңнамадағы осы тетік шекара асқан азаматтарға қанша ескертілгенімен, түрлі сылтауларды алға тартқан шетелдіктер Қазақстаннан кетуге асықпайды. Мұның соңы ақыры тәртіпке бағынғысы келмейтін «қонақтарды» заңға сәйкес шекарадан шығаруға алып келеді. Ал шығарып жіберуге жұмсалған қаражат шетелдікті шақырған не көшіп келушінің Қазақстанда заңсыз болу фактісі анықталған кезде оның еңбегін пайдаланған жеке немесе заңды тұлғалардан өндірілетінін айта кеткен жөн. Бұл полицияның талап-арызына сүйене отырып сот тәртібімен өтеледі.

Сондай-ақ, көші-қон заңнамасын бұзудың тағы бір көрінісі шетелдіктің немесе азаматтығы жоқ адамның жүзеге асыратын қызметі визада көрсетілген мақсаттарға сәйкес болмауынан көрінеді. Әкімшілік құқықбұзушылық туралы кодекстің 517-бабының 5-бөлігіне сәйкес, мұндай заңбұзушылық орын алған жағдайда 25 АЕК мөлшерінде айыппұл салуға не он тәулікке дейінгі мерзімге әкімшілік қамаққа алуға не Қазақстан шегінен әкімшілік жолмен шығарып жіберуге әкеп соғады. Бұл жауаптылық Қазақстанда жұмысқа орналасу үшін біліктілік сәйкестігі туралы анықтаманы немесе жұмысқа орналасуға рұқсат алмай қызмет етіп жүргендерге де қолданылады. Өйткені, елімізде біліктілікке сәйкес екенін көрсету еңбек қызметін жүзеге асыруға қажетті шарт болып табылады. Соған сәйкес мұндай анықтаманы не рұқсатты алмастан Қазақстанда еңбек еткендер жауаптылыққа тартылады.

Иә, Қазақстанның көші-қон заңнамасын бұзғандарға қойылар талап жоғары. Өйткені, Қазақстанға келген әрбір азамат қай елден келгеніне, қандай статусқа ие екеніне қарамастан ел заңнамасын сақтауға, сыйлауға міндетті.

**Эльмира АЛДАБЕРГЕНОВА,
Талдықорған әкімшілік
құқықбұзушылықтар жөніндегі
мамандандырылған ауданаралық
сотының төрағасы**

ЕҢБЕК ДАУЫ

**«БЕЙНЕТИҢ ҚАТТЫ БОЛСА,
ТАТҚАНЫҢ ТӨТТІ БОЛАР»,
«ЕҢБЕК ЕТ ТЕ МІНДЕТ ЕТ»
ДЕГЕН БАБАЛАРЫМЫЗ ҰР-
ПАҒЫН ЕРНБЕЙ ЕҢБЕК ЕТУГЕ
ТӘРБИЕЛЕГЕН. ЖЕТІСТІК-
КЕ, НӘТИЖЕГЕ ТЕК ТАЛПЫ-
НЫСПЕН, ІЗДЕНІСПЕН ЖЕТУГЕ
БОЛАТЫНЫҢ ҰЛ-ҚЫЗЫНЫҢ
САНАСЫНА СІҢІРГЕН. АЛАЙ-
ДА, БҮГІНГІ ҚОҒАМДА ҚАЛЫП-
ТАСЫП ОТЫРҒАН ЖАҒДАЙ ЕҢ-
БЕКТИҢ БАРЛЫҚ КЕЗДЕ ДҰРЫС
БАҒАЛАНА БЕРМЕЙТІНІН КӨР-
СЕТІП ОТЫР. ОҒАН РЕСПУБЛИ-
КА СОТТАРЫНДА ҚАРАЛАТЫН
ЕҢБЕК ДАУЛАРЫНЫҢ КӨПТІГІ
НАҚТЫ ДӘЛІЛ БОЛА АЛАДЫ.**

Еңбек дауы жұмыс беруші мен қызметкер арасындағы еңбек қатынасындағы келіспеушіліктен туындайтыны түсінікті. Жұмыс берушінің мақсаты барынша еңбек өнімін арттырып, табысын көбейтуге бағытталса, жұмысшының мақсаты – еңбегіне сай жоғары жалақы алу. Өкінішке орай, күнделікті өмірде бұл мақсатқа жету оңай емес. Өйткені, көбірек пайда тапсам дегенді ойлайтын жұмыс берушілер заңды айналып өтуге, қарауындағы жұмысшылардың жағдайына көңіл болмеуге үйренген. Ал жұмысшы жұмыс істеуіне қолайлы жағдай жасалғанын, артық еңбек етсе онысын жұмыс берушінің ынталандырығанын, жалақысын өсіргенін қалайды. Мұндай екіжақты қалаудың бір нәтиже беруі қиын. Соның салдарынан еңбек даулары туындайды.

Екі тарап арасында туындаған

БАҒДАР

Елімізде «Мемлекеттік қызметшілердің әдеп кодексі» жана редакцияда бекітілді. Онда мемлекеттік қызметтің қоғам өміріндегі рөлі, мемлекеттік қызметшілердің ұстанымдары мен қоғамның мемлекеттік қызметке, мемлекет пен оның институттарына деген сенімін сақтауға және нығайтуға ұмтылу қажеттігі айшықталған. Сонымен бірге, қызметшілердің мемлекеттік саясаты ұстануы аталып өтілген.

Мемлекеттік қызметшілердің қызметтік әдебі – адалдық, әділдік, ашықтық, сыпайылық, клиентке бағдарлану қағидатына негізделеді. Клиентке бағдарлану қағидаты халықтың сұранысын зерделей отырып, көрсетілетін мемлекеттік қызметтердің сапасын арттыру және жолданымдарды қарау кезінде төрешілдікке, әуре-сарсаңға жол бермеуге негізделеді. Бұдан бөлек, мемлекеттік қызметшілердің жүріс-тұрыс ережесі қызметтік әдеп стандартында көрініс тапқан. Атап айтқанда, қоғамдық кеңістіктегі, мемлекет-

ЕҢБЕК ЕТ ТЕ, МІНДЕТ ЕТ!

келіспеушіліктерді еңбек дауына дейін жеткізбей, жағдайды шиеленістірмей шешу жұмыс берушінің құзырында. Себебі, тәжірибе көрсетіп отырғандай жұмысшылар құзырлы орындарға шағымданбас бұрын міндетті түрде басшыларға талап-тілектерін жеткізеді. Осы кезде кәсіподақ мүшелерін араластырып, түйінді тарақпауға мүмкіндік мол. Сонымен бірге, бұл кез өзара келісімге келіп, жұмысқа қатысты екіжақты талап-тілекті реттеуге ең оңтайлы мүмкіндік. Алайда, қарауындағылардың үніне құлақ түргісі келмегендер келіспеушілікті дауға айналдырмаудың уақытын саналы түрде өткізіп алады.

Еңбек даулары екі сатыда: алдымен тараптардың келісімі бойынша немесе сот тәртібімен қаралады. Сот тәртібімен қаралғанға дейін еңбек дауы келісім комиссиясының талқысынан өтеді. Үлкен кәсіпорын, компанияларда келісім комиссиялары бар. Ал мұндай комиссия құрылмаған жұмыс орындарында тараптардың бірлескен шешімі бойынша жұмыс берушілер мен қызметкерлер арасынан комиссия жасақталады. Мұнда екі тараптан қатысатын өкіл саны теңдей болуы басты шарт. Келісім комиссиясын ұйымдық-техникалық жағынан қамтамасыз етуді жұмыс беруші жүзеге асырады. Осы комиссия ақылдаса келе өз араларынан төраға мен хатшыны сайлайды.

Осы ретте азаматтар еңбек даулары бірден сот құзырына ұсынылмайтынын түсінуі керек. Алдымен келісім комиссиясы арыз берушінің өтінішін үш күн

ішінде қарайды. Нәтижесінде келісім комиссиясының шешімі қабылданып, арыз берушіге беріледі. Комиссия шешімін қарсы тарап үш күн мерзімде орындауы керек. Егер де қызметкер келісім комиссиясының шешімімен келіспесе үш айдың ішінде еңбек дауы бойынша сотқа арыздана алады.

Жалпы, Ата Заңымызда көрсетілгендей мемлекет өзінің басты қазынасы – адам және оның құқығы мен бостандығын қорғауға айрықша назар аударған. Азаматтарға деген мемлекет қамқорлығын еңбек дауларынан да байқауға болады. Өйткені, қызметкерлер еңбек құқықтық қатынастарынан туындайтын талаптар бойынша сотқа жүгінген жағдайда мемлекет кірісіне сот шығындарын (мемлекеттік баж бен істің қаралуына байланысты шығыстарды) төлеуден босатылады. Еңбек даулары, соның ішінде жалақының өндіру туралы еңбек инспекторларының қаулылары атқару құжаттарымен теңестірілгенін айта кеткеніміз жөн. Мұндай құжаттар азаматтарды әбігерге салмауымен құнды. Өйткені, еңбек инспекторларының қаулысын орындау үшін тікелей сот орындаушыларына жолданады.

Әрине, азаматтардың еңбегінің бағаланғаны дұрыс. Десек те, тұрғындар еңбек дауына тап болмаса үшін құқықтық сауатты арттыру жұмысына мән бергені абзал.

**Дариға ОСПАНОВА,
Алматы қаласы
Наурызбай аудандық сотының
судьясы**

МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТШІГЕ ҚОЙЫЛАР ТАЛАП ЖОҒАРАЙ

тік қызметшілердің азаматтармен және әріптестерімен қызметтік қарым-қатынастағы, қызметтен тыс уақыттағы әдебінің стандарттары. Мәселен, мемлекеттік қызметшілер қарапайым болуға, жалпыға бірдей қабылданған моральдық-әдеп нормаларын сақтауға, шындыққа сәйкес келмейтін мәліметтерді таратпауға міндетті. Мемлекеттік қызметшілер әдеп нормаларын бұлжытпай сақтап, алдағы уақытта мемлекеттік аппарат қызметінің тиімділігін арттыра түседі деген сенімдемем.

**Д.ЕРЛИКОВА,
Ақтөбе облысы бойынша Соттар әкімшісі
басшысының орынбасары, Әдеп жөніндегі уәкілі**

ҚҰҚЫҚТЫҚ САУАТ

Мұрагерлік дегеніміз – қайтыс болған азамат мүлкінің басқа адамға – мұрагерге ауысуы. Мұрагерлік өсиет заң бойынша қалай жүзеге асырылады.

МҰРАГЕРЛІККЕ ЗАҢ КЕПІЛДІК БЕРГЕН

Өсиет қалдырылмаған не бүкіл мұраның тағдыры айқындалмаған кезде, сондай-ақ, өзге де жағдайларда мұрагерлік заң бойынша орын алады. Мұраның құрамына мұра қалдырушыға тиесілі мүлік, сондай-ақ, оның қайтыс болуына байланысты қолданылуы тоқтамайтын құқықтары мен міндеттері кіреді. Мұраның құрамына мұра қалдырушының тірі кезінде ресімделмеген мүліктік құқықтарын ресімдеу үшін қажетті құқықтар, оның ішінде оларды тіркеу құқығы да кіруі мүмкін. Мұра қалдырушының жеке басына байланысты құқықтар мен міндеттер, мысалы өміріне немесе денсаулығына келтірілген зиянды өтеу құқығы, алименттік міндеттемелерден туындайтын құқықтар мен міндеттер мұраның құрамына кірмейді.

Заң бойынша мұрагер болу құқығын бірінші кезекте мұра қалдырушының балалары, оның ішінде ол қайтыс болғаннан кейін тірі туған балалары, сондай-ақ, мұра қалдырушының жұбайы (зайыбы) мен ата-анасы тең үлеспен алады. Егер бірінші кезектегі мұрагерлер болмаса, онда заңда көрсетілген кейінгі кезектегі мұрагерлер алады.

Мұрагер мұраны алу үшін оны қабылдауға тиіс. Мұрагердің мұраның бір бөлігін қабылдағаны өзіне тиесілі барлық мұраны қабылдағанын білдіреді. Мұраны қабылдау мұра ашылған жердегі нотариусқа немесе заңға сәйкес мұра алу құқығы туралы куәлікті беруге уәкілетті лауазымды адамға мұрагердің мұраны қабылдау туралы өтінішін не мұрагердің мұраға құқық туралы куәлік беру туралы өтінішін беру арқылы жүзеге асырылады.

Мұра қалдырушы қайтыс болған күннен бастап алты айдың ішінде, ал ол қайтыс болды деп жарияланған кезде, егер соттың шешімінде өзге күн көрсетілмесе, азаматты қайтыс болды деп жариялау туралы сот шешімі заңды күшіне енген күннен бастап мұра қабылдануы мүмкін. Мұра ашылған (қайтыс болған) жер бойынша нотариус мұрагердің өтінішімен оған мұрагерлікке құқық туралы куәлік беруге міндетті. Мұрагерлікке құқық туралы куәлік

мұра ашылған күннен бастап алты ай өткеннен кейін беріледі. Өсиет бойынша да, заң бойынша да мұрагерлік кезінде, егер нотариуста куәлік берілуін сұраған адамдардан басқа тиісті мүлікке не бүкіл мұраға қатысты басқа мұрагерлер туралы анық деректер болмаса, куәлік аталған мерзім өткенге дейін де берілуі мүмкін.

Егер мұрагер мұраны қабылдау үшін заңда белгіленген мерзімді дәлелді себептер бойынша өткізіп алған болса және мұраны қабылдау үшін белгіленген мерзімді өткізіп алған мұрагер бұл мерзімді өткізу себептері жойылғаннан кейін алты айдың ішінде сотқа жүгінген жағдайда осы мерзімді өткізіп алған мұрагердің өтініші бойынша сот бұл мерзімді қалпына келтіре алады және мұрагер мұраны қабылдады деп тани алады.

Бұл үшін мұрагер уақытты қабылдамау себептерін көрсетіп тиісті құжаттармен қоса мұраны қабылдау мерзімін қалпына келтіру туралы сотқа талап қою арызын береді.

Мұрагер мұраны іс жүзінде қабылдаған, бірақ мұра алу құқығы туралы куәлікті алу үшін нотариусқа қажетті құжаттарды ұсына алмаған, оларды өзге жолмен алуға мүмкіндігі болмаған жағдайда және құқық туралы дау болмаса, онда сот мұрагердің арызы бойынша ерекше өндіріс тәртібімен мұрагерлікті қабылдау фактісін анықтау туралы заңды маңызы бар фактіні анықтайды. Сонымен қатар, сот мұраға қатысты басқа да заңды маңызы бар фактіні анықтауы мүмкін. Заңда нотариуспен мұраға негізсіз құқық туралы куәлік берілмеген жағдайда мұрагерге сотқа шағым беру мүмкіндігі көзделген.

Мұраға құқық туралы куәлік не сот шешімі мұрагерге мұрагерлік мүлікке құқығы туындауына негіз болады. Заңмен мұрагерлік құқығына кепілдік берілген.

Ж.АЯТОВ,
Әйтеке би аудандық сотының төрағасы
АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫ

ТАНЫМ

ТАУАР ТАҢБАСЫ – ӨНІМДІ ҚОРҒАУДЫҢ ТӘСІЛІ

Тауар белгісі – заңды не жеке тұлғаның тауарларын немесе көрсететін қызметтерін екінші бір осы тектес тауарлардан ажыратуға мүмкіндік беретін таңба. Тауар белгісі өнімді дараландыру тәсілі болып табылады, бұл тәсілді меншіктену құқығы заң бойынша зияткерлік меншікке жатқызылады. Тіркелген тауар белгісіне куәлік беріледі.



Тауар белгісі заңмен қорғалады және оны тауар үшін тауар белгісі ретінде жасалған тіркелген бүкіл тауарға немесе оның бір бөлігіне қатысты шарт бойынша басқа бір заңды және жеке тұлғаларға беруге болады. Сонымен бірге, тауар белгісінің иесі (лицензия) тауар белгісін пайдалану құқығын лицензия келісім бойынша басқа тұлғаға (лицензиатқа) беруі мүмкін.

Заң жүзінде қорғалған тауар белгісі, әдетте дөңгелек сызықпен қоршалған латынша R әрпімен – таңбаланады. Тауар белгісін тіркеу төмендегідей орындалады: өз арыңызды немесе қызметіңізді тек

бір ғана тәсілмен ерекшелендіре аласыз – ол өзіңіздің өніміңізге жеке шешелік қасиетін беру және де осы жерде тауар сапасы және оның өндірушісі туралы ақпаратты бейнелейтін тауар таңбасы зор рөл атқарады. Тауар таңбаларына құқық мемлекеттік тіркеуден өткен сәттен бастап туындайды.

Тауар таңбасына куәлік алу үшін «ҰЗМИ» РМК-на талаптарға сәйкес толтырылған өтінім беру қажет. Өтінім сараптама жасау ұйымына үш дана тапсырылады. Өтінім бланкісі «ҰЗМИ» РМК сайтында <http://www.kazpatent.kz> «Бұйрықтар, ереже және нұсқаулықтар» бөліміндегі «Типтік

келісімшарттар, бланкілер» бөлімшесінде орналасқан.

ҚР «Тауар таңбалары, қызмет көрсету таңбалары және тауар шығарылған жерлердің атаулары туралы» заңының 9-бабына сәйкес, 1. Өтінім бір тауар таңбасына қатысты болуға тиіс. 2. Өтінім бір үлгі бланкіде берілуге және: 1) өтінім берушіні (өтінім берушілерді), сондай-ақ, оның (олардың) орналасқан жерін немесе тұрғылықты жерін көрсете отырып, белгіге сараптама жүргізу туралы өтінішті; 2) мәлімделген белгіні; 3) тауарлар мен қызметтердің халықаралық сыныптама-санына сәйкес тауарлардың және қызметтердің тізбесін қамтуға тиіс. 3. Өтінімге сараптама жүргізу жөніндегі сараптама жасау ұйымы қызметтерінің ақысы төленгенін растайтын құжат қоса тіркелуге тиіс. 4. Өтінім және оған қоса тіркелетін құжаттар мемлекеттік тілде немесе орыс тілінде табыс етіледі. Егер құжаттар басқа тілде дайындалған болса, өтінім беруші екі ай мерзімде олардың мемлекеттік тілдегі немесе орыс тіліндегі аудармасын тапсырады. Төлем жүргізуге қажетті реквизиттер «ҰЗМИ» РМК сайтында орналастырылған.

ҚР «Тауар таңбалары, қызмет көрсету таңбалары және тауар шығарылған жерлердің атаулары туралы» заңының 4-бабының 4-тармағына сәйкес, тауар таңбасының иесі куәлікте көрсетілген тауарлар мен қызметтерге қатысты өзіне тиесілі тауар таңбасын пайдалану мен оған иелік етудің айрықша құқығына ие болады. Қазақстанда қорғалатын тауар таңбасын оның иесінің келісімінсіз ешкім де пайдалана алмайды.

Ермек КИРГИЗОВ,
Сайрам ауданаралық сот актілерін орындау жөніндегі аумақтық бөлімнің басшысы–аға сот орындаушы, Қазақстан Заңгерлер одағының мүшесі
ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫ

БІТІМ

САЛТ-ДӘСТҮР ЖАҢҒЫРЫҒЫ

Медиация тәсілі сот ісіндегі тазалықты, әділ төрелікті қамтамасыз етудің бірден-бір жолы, яғни екі тарапты қанағаттандыру негізінде жүргізілетін келіссөз рәсімі. Бейтарап медиаторды тарту арқылы келісімге келу жолымен уағдаластырылатын тәсіл. Бұл тәсіл алпауыт елдерде ертеректе қабылдасқан және заңдас-тырылған. Медиация тәсілін АҚШ, Аргентина, Ұлыбритания, Германия, Австрия сынды әлемнің алпауыт елдері қолданып келеді.

Бітімге келу, татуласу, бір-біріне кешірім жасау тәжірибелерінің біздің ұлтымыздың өткен тарихи тірлігінде бар болғаны бәрімізге аян. Қаймағы бұзылмаған, халқымыз заманында түрме ұстамаған қазақ қоғамындағы неше түрлі даулы мәселелерді екі ауыз сөзбен ғана шешкен дуалы ауыз билер болғаны тарихтан жақсы білеміз. Міне, енді «Медиация туралы» заң қазақ халқының бүкіл әлемге үлгі етерлік, ұмытыла бастаған жақсы салт-дәстүрін қалпына келтіруге жасалған игі қадам.

«Медиация туралы» заңға қол қойылуы және осы заңға байланысты елімізде жақын арада дауларды шешудің қосымша әдісі ретінде медиация тәсілі енгізілуінің басты мақсаты, қылмыстық және азаматтық істер бойынша дауларды қарайтын судьялар жүктемесін азайту. Медиация әдісі арқылы азаматтар уақыт пен қаржы шығындарын үнемдейді. Үлкен өмірлік тәжірибесі, жоғары білімі бар, жасы 25-тен асқан азаматтар, отставкадағы судьялар, прокурорлар медиатор бола алады. Басты қағида еріктілік және

медиатордың тәуелсіздігі мен бейтараптылығы. Кез келген уақытта тараптар бітімгерлік рәсімдерді (медиация) жалғастырудан бас тартып, жалпы тәртіппен сотқа жүгінуіне болады.

Медиатордың негізгі міндеті – екі тарапты татуластырып, бітістіру, яғни талапкер мен жауапкердің өзара келісімдері арқылы мәміле жасауы.

Медиация үрдісін жүргізу барысында дауласушылар талқылауға жататын мәселелерді айқындап, іс бойынша өз пікірін білдіріп, екі жақты келіссөз жүргізуді толық бақылай алады. Сондай-ақ, медиация тәсілін қолдану сот шығындарынан босатады.

Қорыта айтқанда, медиация кімнің дұрыс, кімнің бұрыс іс-қимыл жасағанын анықтайтын емес, екі жақтың ортақ келісімге келуін реттейтін рәсім.

А.ТУКУБАЕВА,
Қаражал қалалық сотының судьясы
ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫ

ӘДЕП НОРМАЛАРЫ

СЕНІМГЕ СЕЛКЕУ ТҮСПЕСІН

Мемлекеттік қызметті өркендету, дамыту, мінсіз ету бағытында аз жұмыстар жасалып жатқан жоқ.

ҚР мемлекеттік қызметі қоғам өмірінде ерекше рөл атқарады. Ол қоғам мүдделеріне адалдық танытуға және Қазақстан халқының бірлігі мен елдегі ұлтаралық келісімді нығайтуға ықпал етеді.

Ең бірінші қызметке келген маман тестілеуден бөлек, үш күн ішінде Әдеп кодексімен танысып, ондағы талаптарды қатаң жадына сақтауға міндетті.

Мемлекеттік қызметшілердің әдеп кодексі қызметтік әдебінің стандарттарын белгілейді және қоғамның мемлекеттік органдарға деген сенімін нығайтуға, мемлекеттік қызметте өзара қарым-қатынастың жоғары мәдениетін және парасаттылық атмосферасын қалыптастыруға, сондай-ақ, мемлекеттік қызметшілердің әдепсіз мінез-құлық жағдайларының алдын алуға бағытталған.

Мемлекеттік қызметшілердің қызметтік әдебі – адал ниеттілік, адалдық, әділдік, ашықтық, сыпайылық, клиентке бағдарлану қағида-тәртібіне негізделеді. Бұл қағида-тәртіп – қоғам игілігі үшін мемлекетке кәсіби және жауапты қызмет етуді, жеке және заңды тұлғалардың, қоғамдық топтар мен ұйымдардың ықпалына қарамастан заңды шешім қабылдау және кез келген мән-жайлар бойынша біржақтылық пен субъективтілік себебінен адамдарды кемсітуге жол бермеуді, жұртшылықпен жұмыс істеуге дайын екенін көрсету.

Жалпы, мемлекеттік қызметшілердің моральдық-әдептік бейнесіне жоғары талаптар қойылады. Мемлекеттік қызметшілердің қарапайым болуы, жалпыға бірдей қабылданған моральдық-әдептік нормаларды сақтауы, шындыққа сәйкес келмейтін мәліметтерді таратпауы, мемлекет мүдделеріне және азаматтардың құқықтарына нұқсан келтіретін әрекеттерге қарсы тұруы тиіс. Заңда белгіленген шектеулерді сақтауға, мүдделер қақтығысын болдырмауға, азаматтармен қарым-қатынаста әдептілік танытуы, әдепсіздік және бейәділ мінез-құлық фактілеріне жол бермеуі, өздерінің әрекеттерімен және мінез-құлқымен олардың тарапынан сынға себепкер болмауы керек. Іскерлік әдеп пен ресми мінез-құлық қағидаларын сақтауға, азаматтардың көз алдында өздері өкілі болып табылатын мемлекеттік органдардың абыройы мен беделіне айқын нұқсан келтіретін әрекеттер жасауға жол бермеуге міндетті.

Халықтың мұң-мұқтажын шешуде сыбайлас жемқорлықтан алшақ жүріп, әділет органдарының атына сай еңбек ету керек.

М.ДӘРІҚҰЛОВ,
Жаңақорған аудандық сотының жетекші маманы
ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫ

ПІКІР

«ЕЛ БОЛАМ ДЕСЕҢ...»

Қазіргі таңда кісі өлтіру қылмысының белең алып тұрғаны бәрінен бұрын қоғамды қынжылтады. Кісі өлтіру салдарынан бірнеше адам өмірімен қоштасып, бақилық болды, олардың бірінің артында еңкейген қарт ата-анасы қалса, енді бірінің артында еңбектеген ұл-қызы, сүйікті жары қалды. Бұл ауыр қылмыстардың ақтаусыз ашы ақиқаты. Қоғам қазір маскүнемдік пен нашакорлықтан айтарлықтай зардап шегіп отыр. Статистикаға үнілсек, қазір есірткіге байланысты қылмыстардың саны кісі өлтіруден кейінгі орынды иемденген.

Осындай қылмыс жасағандардың ішінде өмірі жана басталған жастардың көбеюі жалпы халықтық зауал. «Ел боламын десең бесіңді түзе» деген нақыл сөз бар қазақта. Ұл-қыздарымызды бесіктен бастап дұрыс тәрбиеге үйретсек, нұр үстіне нұр болар еді. Қылмыс жазасыз қалмайды. Соны кей азаматтардың кеш ұғынатыны өкінішті.

А.АХИБАЕВ,
Маңғыстау облысының қылмыстық істер жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотының бас маманы – сот отырысының хатшысы

ПАЙЫМ

СОТ ЖҰМЫСЫ – ҚОҒАМ НАЗАРЫНДА

Сот жүйесі түбегейлі өзгерістер мен жаңғыртуларды бастан өткеріп, жаңа Қазақстанның жаңа сот жүйесіне айналды. Азаматтардың сотқа қолжетімділігі артып, ашықтық пен жариялылық барынша қамтамасыз етілді. Бәсекеге қабілетті, әділ, заң үстемдігі және жоғары құқықтық мәдениеті қалыптасқан елге айналды. Соттардың атқарған жұмысы, қарап отырған істері, процесс барысы, судьялардың әрекеттері – бәрі де қоғам назарында ашық әрі жариялы түрде іске асуда.



Мемлекет басшысы құқық қорғау институттарын күшейту мәселесіне ерекше назар аударды. Президент түрлі құқық нормаларын түсіндіретін, азаматтардың тікелей жүгінуіне мүмкіндік беретін және институционалдық тұрғыдан тепе-теңдікті сақтауға ықпал ететін Конституциялық сот институтын құруды ұсынды. «Барлық деңгейдегі соттар, шын мәнінде, тәуелсіз, ашық және кәсіби болмаса, заң үстемдігін қамтамасыз ету мүмкін емес. Мемлекет осыған орай ауқымды жұмыс жүргізуде», – деп, атқарылып жатқан істерді де атап өтті. Оның ішінде кадр іріктеудің жаңа жүйесі енгізіліп, сот үдерісі мен рәсімінің ашықтығы арта түскеніне, Жоғары Сот кеңесінің маңызды рөліне, судьялар тәуелсіздігіне кепілдік берілетініне тоқталды.

Президент айтқан Жаңа Қазақстанның іргетасын қалау үшін барлық саладағы мәселелер мен атқарылуы тиіс мін-

деттер бүге-шігесіне дейін талқыланып барып, іске асырылуы керек. Бұл ретте арнайы жоспар, нақты стратегия, саяси және экономикалық реформалардың үйлесімді байланысы болуы тиіс. Сот билігі де осындай жүйеліліктің арқасында бүгінгі күні халықаралық стандарттарға сәйкес келетін, ең бастысы азаматтардың құқығы мен бостандығын қорғауда ашықтық пен жариялылықты қамтамасыз ететін деңгейге жетті. Соттардың ашықтығын қамтамасыз етудегі басты себеп – соттар заман мен заң талаптарына толық жауап бере алатын жүйемен жасакталды. Озық техникалық жабдықтар іске қосылып, сапалы интернет, байланыс құралдары, олар арқылы процессті онлайн қарау жүйесі қалыптасты. Биліктің бір тармағы саналатын сот саласында елеулі өзгерістердің орын алғанына, тәуелсіз де бейтарап және әділетті төреліктің жүзеге асырылып жатқанына қарапайым жұртшылықтың

да көзі жете бастады. Бұл елдің ілгері дамуы мен азаматтардың тұрмыс деңгейін арттыруға оң ықпал етері сөзсіз.

Алдағы уақытта Президент тапсырмалары негізінде Конституцияға бірқатар өзгеріс енгізіліп, жылдың соңына дейін тағы 20-дан астам заң қабылданбақ. Бұл бастамалар еліміздің саяси жүйесі мен өкімшілік-аумақтық құрылымын едәуір өзгертеді. Өрбір күрделі өзгеріс аса жауапкершілікпен, ішкі-сыртқы сын-қатерді ескере отырып іске асырылғанда еліміз түбегейлі жаңғыртылмақ. Егемен еліміздің болашағы жарқын болуы үшін азаматтардың конституциялық құқығының мүлтіксіз сақталуына күмән тұмауы қажет. Біз осылайша бүкіл қоғамның жаңғыруына қол жеткіземіз.

Айгүл БОРАШЕВА,
Маңғыстау облысының
мамандандырылған ауданаралық
экономикалық сотының судьясы

КӨЗҚАРАС

ЛАТЫН ӘЛІПБИІНЕ ШЫНАЙЫ ҒЫЛЫМИ ӘДІС КЕРЕК

«Қазақстан – 2050» стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты жолдауда Президент: «Біз 2025 жылдан бастап әліпбиімізді латын қарпіне, латын әліпбиіне көшіруге кірісуіміз керек. Бұл – ұлт болып шешуге тиіс принципті мәселе. Бір кезде тарих бетерінде біз мұндай қадамды жасағанбыз. Балаларымыздың болашағы үшін осындай шешім қабылдауға тиіспіз және бұл әлеммен бірлесу тусуімізге, балаларымыздың ағылшын тілі мен интернет тілін жетік игеруіне, ең бастысы – қазақ тілін жаңғыртуға жағдай туғызады» – деп латын әліпбиіне көшудің қажеттілігін атап өткен болатын.

Бұқаралық ақпарат деректеріне сүйенсек, бүгінде әлем елдерінің 70% латын әліпбиі арқылы білімді игеріп, ғылыми зерттеулермен танысуда. Яғни, білім, ғылым, саясат пен техника, мәдениет пен өнер, спорт т.б. қатысты жазбаша ақпараттың барлығы дерлік латын графикасымен беріледі, қоғамдық өмірдегі жаңалықтардың басым бөлігі осы графиканың негізінде таралады. Демек, латын әліпбиі Қазақстанды дамыған 30 елдің қатарына қосуда маңызды рөл атқарады.

Түркітөктес халықтар тілінде латын әліпбиі 1926 жылдан бастап қолданылады. Латын әліпбиін алғаш қолданысқа ен-

гізгендердің бірі – Түркия мемлекеті. Біздің елде 1929 жылға дейін араб жазуы пайдаланылды. XX ғасырда қазақ зиялылары латын әліпбиіне көшу мәселесін көтерген болатын. Оның бірі Ахмет Байтұрсынұлының ұсынысы болды. Латын әліпбиінің негізінде жасалған жазу үлгісі 1929 жылдан 1940 жылға дейін қолданылып, кейін, яғни 1940 жылы 13 қарашадан кириллицаға ауыстырылды. Ел Президентінің 2017 жылғы 26 қазандағы жарлығымен латын графикасына негізделген қазақ әліпбиі бекітілді. Осы жарлыққа сәйкес Үкімет тарапынан 2025 жылға дейін латын графикасына кезең-кезеңімен көшу жұмыстары жүргізілетін болған. Алайда, ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев латын әліпбиіне көшу мәселесінде асығыстық танытуға болмайтынын мәлімдеді. «Жан-жақты сараптау және жаңа әліпбидің барлық аспектілерін әзірлеу қажет. Латын әліпбиінің ұсынылған үш нұсқасы да жетілдірілмеген. Сондықтан, бұл проблемада шынайы ғылыми әдіс керек», – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

А.НУРҮДИН,
Шалқар аудандық сотының бас маманы
АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫ

ДЕНСАУЛЫҚ

Жыныстық жолмен берілетін гепатиттер

Вирусты гепатит В бауыр жасушаларының зақымдануымен, сарғаюымен, зат алмасу процесінің бұзылуымен сипатталатын жұқпалы ауру. Вирус әртүрлі физикалық және химиялық факторларға: төмен және жоғары температура, ультракүлгін сәулелер, қышқыл орта әсеріне аса жоғары төзімділігімен ерекшеленеді.

Вирусты гепатит В-ның негізгі инфекция көзі – аурудың симптомсыз және клиникалық айқын жедел және созылмалы формасындағы наукастар, сонымен қатар бауыр ширрозы бар адамдар болып табылады. Вирус қанда және әртүрлі биосубстраттарда сілекей, зәр, сперма, қынаптық бөлінділерде, т.б. кездеседі. Бірақ вирусты гепатит В-ң созылмалы ағымы бар наукастар эпидемиологиялық маңызға ие.

Инфекцияның негізгі таралу механизмі – гемоперкутантты (қанқатынастық). Таралу жолы табиғи және жасанды болуы мүмкін. Табиғи жолмен: 1) жыныстық қатынас кезінде, әсіресе, гомосексуалистерде; 2) вертикалды түрде – анасынан (симптомсыз немесе манифестті инфекциямен) бала-сына жұқтыру көбінесе босану кезінде болады.

ВГВ-ға қабылдаушылық жоғары. Әсіресе, бір жастағы балалар сезімтал. Қазіргі кезде біздің елімізде жедел вирусты гепатитпен ауру көбінесе репродуктивті жастағы (15-35 жас) адамдар арасында тіркеледі. Ал 20-29 жас аралығында гепатит В мерзімділігі айқындалмаған. Реконвалесценттерде ұзақ, мүмкін өмір бойы, иммунитет өндіріледі.

Клиникасы: әлсіздік, тәбеттің төмендеуі, сарғаю, құсу, оң жақ қабырға астының ауруынан көрінеді. Профилактика: гепатит В-ның алдын алу табиғи және жасанды

тарау жолдарын үзуге бағытталған. Сырқаттың табиғи тарау жолдарын шектеу үшін ағарту жұмыстары, қауіпті жыныстық қатынаста сақтану, тұрғындардың санитарлық білімін арттыру жүргізіледі. Ошақта эпидемияға қарсы шараларда қатынаста болған адамдарды бақылау, оларды гепатит В маркерлеріне зерттеу және т.б. жүргізіледі. Жасанды тарау жолын шектеу мақсатында қан, әртүрлі ағза, сперма донорлары қатаң бақыланады. Қан және оның препараттары ВГВ-ға тексерілуі керек. Диагностика және емдеуде қолданылатын барлық медициналық құралдарды, аппаратураны зарарсыздандыру өте маңызды.

Вирусты гепатит С
Эпидемиологиясы: Инфекция көзі, механизм мен таралу жолы ВГ сәйкес келеді. ГС инфекция көзі – жедел және созылмалы формаларымен ауыратын наукас. Эпидемиологиялық мағынасы жағынан парентеральді берілу жолы маңызды. Көбінесе ВГС-мен қан және оның препараттарын құйғанда жұғады. Қоздырғыштың гетеро және гомосексуалді қатынас кезінде тұрмыстық қарым-қатынас арқылы жұғады.

Клиникасы: Жасырын кезең 2 аптадан 26 аптаны (орташа 6-8 апта) құрайды. Профилактикасы: Таралу жолын тоқтатуға бағытталған шаралар ГВ ұқсас. Анти-ВГС бар донорлар өмір бойы донор болуға тыйым салынады. ГС қарсы вакцина жоқ. Спецификалық иммуноглобулинді қолдану эффектілігі зерттелуде.

Б.БАХРАМ,
Алатау ауданы СЭББ-ның
эпидемиологиялық бақылау және
қадағалау бөлімінің бас маманы

Бруцеллез ауруынан қорғану маңызды

Бруцеллез – бұл зоонозды инфекциялық жұқпалы ауру. Ол барлық органдарды әлсіз ағымдағы қабыну процесімен ұлпаларды, лимфа, сүйек-буын және жүйке жүйесін зақымдауымен сипатталады.

Адамдар бруцеллезбен: - тұрмыстық-қатынастық жолмен; - үй жағдайында дайындалған сүт және ет өнімдерін пайдалану кезінде; - аэрогенді түрде жұқтырады. Өңделмеген сүт және ет өнімдерінде бруцеллез шамамен 3 айға дейін өмір сүруге қабілетті. Сүтті пастерлеп, термиялық өңдеп, негүрлым жоғары температурада бірнеше минут қайнатқанда ғана өледі.

Адамдағы бруцеллез белгілері: қалпыты бас ауруы, бүкіл денесінің ауруы, тершөндік, бауыр мен көкбауырдың ұлғаюы, сондай-ақ, ірі буынның зақымдануы, перифериялық жүйке жүйесі, бұлшық ет.

Инкубациялық кезең 6 күннен 30 күнге дейін.

Бруцеллездің алдын алу үшін: - қауіп-қатер тобына кіретін адамдарды вакцинациялау;

- өнімдерді жеткілікті термиялық өңдеуден өткізу (ет, сүт);

- үй жануарларын вакцинациялау. Жануарлармен жұмыс істеуге жіберілетін адамдар арнайы киіммен қамтамасыз етілуі тиіс, сонымен қатар дезинфекциялық ерітінділерді дұрыс қолдана білу керек. Жеке бас гигиенасының ережелерін сақтау маңызды рөл атқарады. Сонымен қатар, жануарлармен жұмыс істейтін қызметкерлерді міндетті түрде медициналық тексерістен өткізу керек. Жануарларда бруцеллез ауруының алдын алу үшін жылына екі рет тұрақты бақылау жүргізіп, уақытылы екпе жұмыстары жүргізілуі қажет.

Дархан СИСЕНОВ,
Алатау ауданының санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының басшысы
Гүлнар МАҚҰЛБЕКОВА,
Эпидемиологиялық қадағалау бөлімінің бас маманы

ӨРТҮРАІ

3. «Шығыстүстімет» ЖШС қатысушыларының кезектен тыс жалпы жиналысын өткізу туралы хабарлама
«Шығыстүстімет» Жауапкершілігі шектеулі серіктестік (Атқарушы органның орналасқан жері: Шығыс Қазақстан облысы, Өскемен қ., Александр Протоzanov атындағы көше, 121) «Шығыстүстімет» ЖШС Басқармасының шешімі негізінде 2022 жылғы 29 сәуірде 11 сағат 00 минутта Шығыс Қазақстан облысы, Өскемен қаласы, Александр Протоzanov атындағы көше, 121 мекенжайы бойынша, «Жауапкершілігі шектеулі және қосымша жауапкершілігі бар серіктестіктер туралы» Қазақстан Республикасы заңының 45-бабына сәйкес «Шығыстүстімет» ЖШС қатысушыларының кезектен тыс жалпы жиналысы өтетіні туралы өз қатысушыларын хабардар етеді.

Қатысушыларды тіркеу 2022 жылғы 29 сәуірде көрсетілген мекенжай бойынша 9 сағат 30 минуттан 10 сағат 45 минутқа дейін жүзеге асырылады.

Жиналысқа қатысуға құқығы бар қатысушылардың тізімі 2022 жылғы 28 сәуірдегі 00 сағат 00 минуттағы жағдай бойынша жасалады.

Жиналыс, сырттай дауыс беруі өткізу тәртібі «Жауапкершілігі шектеулі және қосымша жауапкершілігі бар серіктестіктер туралы» Қазақстан Республикасы заңының 47, 48, 49-баптарымен реттеледі.

Күн тәртібі:
1. «KAZ Minerals Service» ЖШС-н (Каз Минерал Сервис) «Шығыстүстімет» ЖШС-не қосу жолымен ерікті түрде қайта ұйымдастыру туралы.
Бірінші жиналыста қворум болмаған жағдайда жиналысты қайта өткізу күні – 2022 жылғы 6 мамырда 11 сағат 00 минутта.

«Шығыстүстімет» ЖШС қатысушыларының кезектен тыс жалпы жиналысының күн тәртібіндегі мәселе бойынша ақпаратпен (материалдармен) «Шығыстүстімет» ЖШС Атқарушы органының орналасқан жері бойынша танысуға болады.

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:

Алматы қаласы
Тел.: 8(727) 292-43-43,

8 (708) 929-98-74

E-mail:
zanreklama@mail.ru
zanreklama.kz

ЖАРНАМА ҚАБЫЛДАЙТЫН ОРЫНДАР:

ЖК «Қандыбаева», Газеттерге, журналдарға және сайттарға хабарландыру қабылдау агенттігі: 8(727)327 30 92, тел/факс: 273 47 98, 8 707 895 21 99, 8 701 739 27 83, 8 705 185 75 73 www.gazetyisaiy.kz, e-mail: vsegazety@mail.ru Алматы қ., Абылай хан даң., 60, Мақатаев көш. қиылысы, 208 кеңсе.

ЖК «KAIROС» ЖК, Алматы қаласы, Жібек жолы даңғылы, 55, Пушкин көшесінің қиылысы, «Алма» СО, 4 қабат, ресепшн, тел.: 271-49-39, 8707 705-92-22. E-mail: kalyubayeva@mail.ru. Барлық хабарландыруды What's app бойынша қабылдаймыз.

ЖК «Gold Capital» Нұр-Сұлтан қ., Абай көшесі, 78, 105-кеңсе. Тел.: 8 (7172) 52-02-11, 8(702)839-90-86.

«Sokrat-PV» Юридическое агенство» ЖШС, Павлодар қаласы, Крусская көшесі, 61, кеңсе 23.

2. ХАБАРЛАНДЫРУ!
Қаракия ауданы әкімдігінің 2022 жылғы 22 ақпандағы №27 қаулысына сәйкес «Қаракия аудандық кәсіпкерлік және өнеркәсіп бөлімі» мемлекеттік мекемесі мен «Қаракия аудандық ауыл шаруашылығы бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Қаракия аудандық кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы» мемлекеттік мекемесі болып қайта құрылғанын хабарлайды.
Осыған орай дебиторлық қарыз болған жағдайда төменде көрсетілген байланыс нөмірлеріне хабарласуға болады. 8/72937/21078,21975

5. «Микрокаржылық ұйым GOLD Кредит», Жауапкершілігі шектеулі серіктестігі БИН 170440014077, заңды тұлға мекенжайының ауысуы жөнінде хабарлайды: Алматы қаласы, Медеу ауданы, Пушкин көшесі, 41 үй. Шағымдар бір ай ішінде қабылданады.

6. «Ломбард GOLD888», Жауапкершілігі шектеулі серіктестігі БИН 101040004194, заңды тұлға мекенжайының ауысуы жөнінде хабарлайды: Алматы қаласы, Медеу ауданы, Пушкин көшесі, 41 үй. Шағымдар бір ай ішінде қабылданады.

7. «Шыңғыс -Төрелер» ауыл шаруашылығы өндірістік кооперативі» ұйымы, БСН 170740003354, өзінің жойылғандығы туралы хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Түркістан обл., Сарыағаш ауданы, Дербісек ауылдық округі, Дербісек ауылы, А.Оразбаева көшесі №11 үй. Тел.87019027816

Телефон: 87027159520; 87182221266 (жұмыс).

«Назар-1 фирмасы» ЖШС («РУТА» ЖА), директоры Кривилова Татьяна Ивановна. Шымкент қ., Г.Ильяев көшесі, 47 (Шаймерденов к. бұрышы) BVK банктің жанында. Тел.: 8 (7252) 53-40-48. WhatsApp : +7-705-705-31-31. E-mail: nazar.reklama@gmail.com

ЖК «TRade and service», Алматы қ., ш/а Жетісу-3, 55/133.

ЖК «Аюбаева», Қарағанды қ., Жамбыл көшесі, 11. Тел.: 8 (7112) 42-00-71.

Арлан-консалтинг ЖШС, Семей қ., К.Мұхаметханов көшесі, 23 «А», 104-бөлме. Тел.: 8 (705) 798-58-18, 8(708)4672701

«Грация» ЖШС, Атырау қаласы, Махамбетов көшесі, 107-а, 2-бөлме, тел.: 32-14-29, 30-65-24, 8701 920 4538.

«ЮрСлужба» ЖШС, Көкшетау қ., Е. Өуелбеков көшесі, 129. Тел.: 8 (7162) 25-77-17, 8(747)8097074.

«Версия-Пресс» ЖШС, Павлодар қ., Естай көшесі 40. Тел.: 8 (7182) 32-47-67, 32-49-04

Қалиасқаров Нұрлан Нұргисынұлы ЖК, Петропавл қ., К.Сүтішов көшесі, 58, 30-бөлме, 3-қабат. Тел.: 8 (7152) 46-02-57, ұялы тел.: 8 (777) 572-29-91, 8 (701) 315-54-59.

ЖК «Бакирова Г.», Шымкент қ., Желтоқсан көшесі, 18. Өділет Департаментінің жанында. Тел.: 8 705 714 58 77.

Михеева Ольга Станиславовна ЖК, Қостанай қ., Гоголь көшесі, 110, ВП 67 (Чехов-Гоголь көш. қиылысы), Тел.: 8-714-2-50-97-07, ұялы тел.: 8-7758847211, 8-7053506918.

«Озат-1» ЖШС, Ақтөбе қ., Алтынсарин көшесі 31. Тел.: 8 (7132) 40-41-05, ұялы тел.: 87774348344 және Ақтау қаласы.

ЖК «SAPA KZ» Атырау қаласы, ұялы тел.: 87781063779, e-mail: zan-ai@gmail.ru.

«Юридическая фирма «Консультант» ЖШС Орал қ., Л.Толстой көшесі, 28. Тел.: 8 (7112) 50-88-05.

«Реклама» ЖШС, Орал қ., Достық-Дружба даңғылы, 182. Тел.: 8 (7112) 50-47-34.

ЖК «Сагидоллина Б.», 1 Теміржол вокзалы, Р.Зорге көшесі 8, «Лина» шаштаразы. argawka_94@mail.ru, Тел: 87058762218.

«Компания Жете» ЖШС, Талдықорған қ., ш/а, Молодежный 3-үй, 1-п. Тел.: 8(7282) 24-29-66, 87058147221.

ЖК Гавриленко И.И., Қостанай қ., пр. әл-Фараби 119-үй, 407-А бөлме. Тел/факс: 8 (7142) 53-63-21.

«Жас Отау» ЖК Қыдырбаева Н.Н. Қызылорда қ., Өйтеке би көшесі 27. Тел.: 26-45-89, ұялы тел: 8 (777)402-28-28; 8 (700) 332-24-78

ЖК Тажиева, Тараз қаласы, Қойкелді көшесі 158 а, ХҚО аумағы. Ұялы тел.: 87017268772, 87054422939.

ЖК Новоселова Лилия, Петропавл қаласы, Қазақстан Конституциясы көшесі, 28-үй, 1-қабат. Тел.: (87152) 46-74-77, 8-777-228-64-13.

ЖК «Reklam Service», Тараз қаласы, Төле би көшесі, 73 (ауладан кіру). Тел.: 8(7262)502222, ұялы тел: 87019457336 Татьяна.

ЖК «Выйдай», Өскемен қаласы, 60. Тел.: 8(7232) 578414, ұялы тел.: 87772256506.

БІЛГЕН ЖӨН

ӘКІМШІЛІК СӨТ ШЕШІМДЕРІНЕ ШАҒЫМ ЖАСАУ МЕН ОРЫНДАЛУ РЕТІ



Әкімшілік процеске қатысушылар заңды күшіне енген шешімге апелляциялық шағымды шығарылған күннен бастап екі айдан кешіктірмей апелляциялық тәртіппен қарау үшін шағым жасай алады. Ал, прокурор аталған мерзімде ҚР Әкімшілік рәсімдік-процестік кодекстің 31-бабында көрсетілген істер бойынша апелляциялық өтінішхат беруге құқылы.

Ұйғарым түпкілікті нысанда дайындалған күннен бастап он жұмыс күні ішінде қатысушылардың жекеше шағымын, прокурордың өтінішхатын беруге мерзім қарастырылған.

Бірінші сатыдағы соттың шешіміне келіспеген тараптың апелляциялық шағымы мен прокурордың апелляциялық өтінішхаты облыстық және оған теңестірілген соттармен қаралады.

Ал, ӘРПК-нің 102-бабының 3-бөлігінде қарастырылған әкімшілік істер бойынша түскен апелляциялық шағым мен прокурордың апелляциялық өтінішхатын Нұр-Сұлтан қалалық соты қарайды.

Апелляциялық сатыда қаралатын іс, түскен күннен бастап үш айдан аспайтын мерзімде қаралуы тиіс, аса күрделі істер бойынша қарау мерзімі соттың дәлелді ұйғарымымен үш айға ұзартылуы мүмкін.

Мемлекеттік сатып алуды өткізуді және сот орындаушыларының әрекеттерін (әрекетсіздігін) тексеру қорытындылары бойынша уәкілетті орган-

ның шешімдеріне, қорытындыларына, нұсқамаларына дау айту туралы істер апелляциялық алқада келіп түскен күннен бастап он жұмыс күні ішінде қаралады.

Кассациялық шағым келтірудің мерзімі өткеннен кейін ғана апелляциялық сот алқасының қаулысы күшіне енеді.

Кассациялық тәртіппен қаралуға жатпайтын ұйғарымдар бар, олар жария етілген күннен бастап күшіне енеді. Ал, істің одан әрі қозғалу мүмкіндігіне бөгет болатын ұйғарымдар кассациялық тәртіппен қаралуға жатады.

Апелляциялық алқаның шешімімен актісінің түпкілікті нысанда табыс етілген күннен бастап бір ай ішінде келіспеген жағдайда, іске қатысушылар сот кассациялық шағым беруге құқылы. ӘРПК-тің 31-бабында көрсетілген істер бойынша прокурордың кассациялық өтінішхат беруіне жоғарыда аталғандай мерзім қарастырылған.

Сот актісіне кассациялық сатыда қаралуға жататын мерзім ішінде кассациялық шағым мен прокурордың өтінішхаты келіп түспесе, сот шешімі заңдық күшіне енеді.

Кассациялық шағымдар, өтінішхаттар және наразылықтар ҚР Жоғарғы Сотының әкімшілік істер жөніндегі сот алқасымен ақыға қонымды, бірақ келіп түскен күннен бастап алты айдан аспайтын мерзімде қаралуы тиіс.

Сот актісін кассациялық тәртіппен

қайта қарау туралы өтінішхат ол келіп түскен күннен бастап алты ай ішінде, ал әкімшілік іс талап етілген жағдайда – әкімшілік іс келіп түскен күннен бастап қаралады.

Егер:

– қабылданған қаулыны орындау адамдардың өмірі, денсаулығы үшін не Қазақстан экономикасы мен қауіпсіздігі үшін орны толмас ауыр зардаптарға әкеп соғуы мүмкін жағдайлар;

– қабылданған қаулы белгіленбеген тұлғалар тобының құқықтарын, бостандықтарын мен заңды мүдделерін немесе өзге де жария мүдделерді бұзатын жағдайлар;

– қабылданған қаулы соттардың құқық нормаларын түсіндіруі мен қолдануында бірізділікті бұзатын жағдайларда кассациялық алқаның актісі ҚР Жоғарғы Соты Төрағасының ұсынуы бойынша, Бас Прокурорының наразылығы бойынша қайта қаралуға жатады.

Заңды күшіне енгеннен кейін сот актісі үш жұмыс күні ішінде жауапкерге соттың тарапынан орындалуға жолданады. Әкімшілік іс бойынша сот шешімі заңды күшіне енген күннен бастап бір ай мерзімде жауапкермен ерікті түрде орындалуға жатады.

Әкімшілік процеске қатысушының құқықтарына елеулі зиян келтірсе, қиын болса не мүмкін болмаса, іске қатысушылардың негізделген өтінішхаты немесе соттың өз бастамасының негізінде сот шешімін қатысушылардың құқықтары мен жария мүдделерін ескере отырып дереу орындауға жібереді.

Алайда, кез келген уақытта әкімшілік іске қатысушының өтінішхаты негізінде дереу орындауға жіберілген сот актісінің орындалуын тоқтата тұру қарастырылған.

Ал, егер жоғары инстанцияның сот актісімен заңды күшіне енген актінің күші жойылса немесе өзгертілсе, дереу орындауға жіберілген сот актілері орындалуға жатпайды.

Адина ЖАРКЕНОВА,
Нұр-Сұлтан қаласы
мамандандырылған ауданаралық
әкімшілік сотының судьясы

КИЕ



Бүгін мен болашақ тілі

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев өзінің бір сұхбатында «Қазақтың тілі – қазақтың жаны! Халқымыздың тарихы да, тағдыры да – тілінде. Мәдениеті мен әдебиеті, ділі мен діні де – тілінде. В.Радлов айтқандай, қазақ тілі – ең таза әрі бай тілдің бірі. Тіл өткен тарихпен ғана емес, бүгін мен болашақты байланыстыратын құрал» деген еді. Тіл – Қазақстан халқын топтастырудың аса маңызды факторы.

Қазіргі уақытта сот жүйесінде мемлекеттік тілді қолдану аясы артқан. Мемлекеттік тілде сот ісін жүргізу мәселесі де күн тәртібінде. Соттың ресми сайты қазақ және орыс тілдерінде, ал ішкі құжат айналымы қазақ тілінде жүргізіледі. Бұл көрсеткіштер жыл сайын еселеніп жатыр. Мәселен, Ақтөбе облысының кәсіпкерлер мен заңгерлердің істері жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотында 2021 жылы азаматтық істер бойынша келіп түскен істер саны 628 болса, оның ішінде мемлекеттік тілде қаралғаны – 257 іс, яғни 40,9%-ды құрайды. Ал 35 қылмыстық істің 22-сі, 260 әкімшілік істің 142-сі мемлекеттік тілде қаралған. Бұл сот саласында мемлекеттік тіл мәртебесінің артқанын көрсетеді.

А.ЖУМАГАЛИЕВА,
Ақтөбе облысының кәсіпкерлер мен заңгерлердің істері жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотының кеңсе бас маманы

Өркениет өзегі

Кез келген өркениетті, тәуелсіз ел мемлекеттік тілді алға шығарады. Тілімен мақтанады, оны дамытуға ұмтылады.

Тіл – халық қазынасы, ұлттың – жаны. Ендеше тіліміздің мерейін асыратын да, құттың қашыратын да өзіміз. Тіл – ұлтымыздың болмысы, таусылмас қазынасы. Ендеше, мемлекеттік қызметте мемлекеттік тілді қолдану әрбір қызметкердің басты міндеті. Мемлекеттік тілдің ахуалын зерделеп, оны кеңінен қолдануда әріне, сот жүйесі де айналып өтпейтін анық. Сот істерін мемлекеттік тілде жүргізу – Конституцияда көрсетілген. Сол себепті де сот жүйесінде мемлекеттік тілдің қолданылу аясын барынша кеңейтіп, іс қағаздарын қазақ тілінде жүргізу мәселесі басты бақылауға қойылған.

Сот істерін мемлекеттік тілде жүргізу Конституция талабы болғандықтан, соттарда мемлекеттік тілде жазылған құжаттардың, сот актілерінің сапасына жоғарғы талап қойылуы, мемлекеттік тілдің одан әрі кеңінен қолданылуын кеңейту сот жүйесінің негізгі міндеттерінің бірі болып қала береді.

Сондықтан, тәуелсіз еліміздің тілін, дінін аман сақтап қалу, кейінгі ұрпаққа бар маңызымен жеткізе білу әрбір азаматтың парызы мен міндеті.

«Тіл болса үнін бар, тілін болмаса түгін жоқ» деген ұлағатты сөзді жадымызда сақтап, тіліміздің құндылығын әрқашан ардақтайық. Мемлекеттік тіл ұлттың ұйытқысына айналу керек.

Салауат МӘЛІК,
Нұр-Сұлтан қаласының қылмыстық істер жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотының бас маманы – сот отырысының хатшысы

«Ұлттың терең теңізі»

«Тілден биік асқар жоқ, тілден асқан байлық жоқ, тілден терең теңіз жоқ». Кез келген ұлттың не ұлыстың өзін өзгелерден ерекшелен тұратын қасиеті – тілі.

Тіл – біздің намысымыз, арымыз, байлығымыз, барымыз. Қазақ тілі – қазақтың мәдениетімен бірге қайнасып жатқан рухани қазына. Қазіргі қазақ тілі – жалпы әлемдік тілдік дамудың биік деңгейінде тұрған дамыған тіл. Ғылыми тарихи жүйеден қарайтын болсақ, біздің тіліміз қазіргі адамзаттың үлкен тілдік арналардың ең бір жетілген саласы. Қазақстанның әлемдегі бәсекеге қабілетті елу елдің қатарына қосылуында мемлекеттік тілдің мәртебесін көтерудің маңыздылығы орасан зор екендігі белгілі. Қазақ тілінің тағдыры мемлекеттің дамуы және ел болашағы үшін қаншалықты маңызды екендігін біздің әрқайсысымыз да терең түсінеміз. Қазақ халқының бүгінгі ұрпағы артында осыншама тіл байлығын қалдыра білген бабаларымен мақтана алады. «Анамыздың ақ сүтінде бойымызға дарыған тілімізді ұмыту – бүкіл ата-бабамызды, тарихымызды ұмыту», – деген екен Бауыржан Момышұлы. Қазақ тілі үшін бәріміз де қарыздармыз, сондықтан қолымыздан келген қамқорлығымыз бен көмегімізді өз тілімізден аянып қалмайық.

Зияш ЗАЙНУЛЛИНА,
Бөкей ордасы аудандық сотының кеңсе меңгерушісі
БАТЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ

ЖАҢА ҮРДІС

ЖАҒАНДЫҚ КЕЗЕҢ ЖАҢАЛЫҒЫ – САНДЫҚ ТЕХНОЛОГИЯДА



Сандық технологияларды дамыту – замана талабы. Бәсекеге қабілетті болуға ұмтылған кез келген ел жаһандық үдерістердің жана мүмкіндіктерін игеруге тырысады. Бұл ретте, қазақстандық сот жүйесі де бәсекеге ұмтылған салалар сапында.

Қазақстандық сот саласы соңғы он жылдықтарда жаңа технологияны игеру, үйрену, оны өз тәжірибесінде кеңінен қолдану мәселесін жiтi қолға алды. Қазақстандық сот жүйесінің жетістіктері ең әуелде жергілікті соттардың сайттарын дамыту, халықпен кері және тікелей байланыс, талап арыздарды онлайн қабылдау, шағымдар мен өтініш, тілектер тетігін жетілдіру, сұрақ жауап, сотқа жүгінудің заңдық реті, талап арыз үлгілерінің электронды нұсқасын игеру секілді жұмыстардан басталды. Бұлардың артықшылығы сот жүйесіндегі ашықтық пен қолжетімділікті қамтамасыз етуінде болды. Тағы

бір тиімді тұсы уақытты үнемдеу секілді игілікке қол жеткізді. Сот мамандары мен халық арасындағы бұрынғы түсініспеушіліктердің бәрі азайып, қазіргі таңда кез келген азамат өзіне керек мәліметті онлайн форматта-ақ талап етуді, сұратып алуды үйренді.

Сандық технологияның келесі қажеттілігі пандемия кезінде артты. Соңғы үш жыл сот отырыстарын онлайн форматқа көшірді. Бұған дейін қарапайым көпшілік электронды форматтардың тек әліппелік негізін менгерсе, кейінгі кезеңдер енді оларды сандық технологияның қыр-сырын кәсіби деңгейде меңгеруге итермеледі. Судьялар да бұл үдерістерден алыс қалмай, түгелдей дерлік процестерді онлайн өткізу ретін үйренді. Сотқа қатысушы тараптар да бұл процестердің уақытқа үнемділігін, ашықтық пен қолжетімділік секілді тиімділіктің тетігі екендігін түсінді. Электронды Үкімет бағдарламаларының халыққа тигізер игілігі осындай нақты мысалдардан көрінді.

Қазір халық бір мәліметті алу үшін бұрынғыдай құзырлы органдардың есігін тоздырмайды. Үйде немесе кеңседе отырып-ақ, өзіне қажетті анықтамалықтар мен құжаттарды электронды нұсқада ала алады. Сандық технология халық өміріне енген ең пайдалы, әрі қажетті процесс екендігін күн сайын дәлелдеуде. Жаңа заман, жаңа ғасыр технологиялар ғасыры болмақ. Ендеше, сол технологияларды бүгін меңгеру – бәсекеге қабілетті елдің мұраты. Сандық формат жаһандық кезең жаңалығы, жаңашылдық бастауы.

Амангелді КАЛМУХАМБЕТОВ,
Ақтөбе қалалық сотының судьясы

ЗАҢ газеті

Редакторлар кеңесінің төрағасы – директор
Жанахмет АҒЫБАЕВ

Бас редактор **Айнұр СЕМБАЕВА**
Бас редактордың орынбасары **Шолпан ҚАРАЕВА**

Немірдің кезекші редакторы **Ерлік КЕБЕКБАЙ**

Меншік иесі:
«ЗАҢ» МЕДИА-КОРПОРАЦИЯ»
ЖАУАПҚЕРШІЛІГІ ШЕКТЕУЛІ СЕРІКТЕСТІГІ

МЕНШІКТІ ТІЛШІЛЕР:

Нұр-Сұлтан Айша Құрманғали
8 707 851 91 13.
Алматы облысы Нұрбол Әлдібаев
8 701 357 66 84.
Ақтөбе облысы Жаная Есмағанбетова
8 705 398 62 83.
Жамбыл облысы Арсен Саттаров
8 705 808 14 31.
Маңғыстау облысы Жазира Әбіл
8 702 514 54 44.
Қызылорда облысы Гүлбану Мақажан
8 701 697 39 86.
Түркістан облысы Сабырбек Олжабай
8 701 385 72 75.
Шадыяр Мекенбайұлы
87757335665
Шығыс Қазақстан облысы Талғатжан Мұхамдиев
8 747 746 49 82.

РЕДАКЦИЯНЫҢ МЕКЕНЖАЙЫ:

050012, Алматы қаласы,
Х.Досмұхамедұлы көшесі
68 «б»-үй,
Қабылдау бөлмесі:
292-43-43; 292-79-61

E-mail: zankl@mail.ru

«Заң газеті» аптасына 2 рет –
сейсенбі, жұма күндері жарық көреді.
Жеке таралым 8019 дана
Апталық таралым 16 038 дана

Тапсырыс №41 Индекс 65921

Газет Қазақстан Республикасы бойынша таралады

Газетіміздің электронды нұсқасын Zanmedia.kz сайтынан оқи аласыздар.

Газет бетіндегі жарияланымдардың позициясы мен фактілері үшін редакция жауап бермейді.

Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауапты. Жарнама берушінің жіберген қателігіне байланысты талап-тілектер хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде қабылданады.

Газетті есепке қою туралы №16297-Г күүлікті 2017 жылғы 12 қаңтарда Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникация министрлігі берген.

Газеттің терімі мен бет қатпау жұмыстары «Заң» Медиа-корпорация» ЖШС компьютерлік орталығында жасалды. Алматы облысы, Іле ауданы, Өтеген батыр ауылы, Сейфуллин көшесі, 2«б», «Принт плюс» ЖШС баспаханасында басылып шығарылды. Тел.: факс. 8 (727) 51-78-27, 8 (727) 51-78-31